

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

БЕТПЕРДЕ ТАҒЫҢЫЗ

АРАҚАШЫҚТЫҚ САҚТАҢЫЗ

КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН САҚТАҢЫЗДАР

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ШАҒАР БАСШЫСЫ ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 2022 жылғы 18 тамызда, сағат 9.00-де Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездеседі. (Мекенжайы: Қали Надыров көшесі, 50, Рахым Сәрсенбин атындағы №192 орта мектеп).

«АҚШАМ» АРҚЫЛЫ АЙТАМЫЗ



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

МӘСЕЛЕ



Мектеп формасы: БАҒА МЫҢ ҚҰБЫЛЫП ТҰР

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

16.08.2022

Түнде: +18+20 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +30+32 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

17.08.2022

Түнде: +16+18 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +28+30 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №94 (6229) 16 тамыз, сейсенбі, 2022 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ

ЯДРОЛЫҚ МЕДИЦИНА ОРТАЛЫҒЫ

қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту үшін қызмет ететін болады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Президентінің Іс басқармасы медициналық орталығының ауруханасына барып, жаңа нысандары – Ядролық медицина орталығы мен емдік-диагностикалық блокпен танысты.

ӘКІМ

АЛМАТЫ – СПОРТТЫҚ АСТАНАМЫЗ

Орталық саябақта заманауи алаң ашылды



Кеше Алматының Орталық мәдениет және демалыс саябағында қала әкімі Ерболат Досаевтың қатысуымен жаңа спорттық алаң ашылды.

ҚЫСҚА...

- Қазақстанда ағылшын тілі 3-сыныптан бастап оқытылады.
- Қазақ жерінен шыққан ортағасырлық авторлардың 19 еңбегі елге әкелінді.
- Мемлекеттік рәміздерді қорлағандарға айыппұл мөлшері артады.
- «Мектепке жол» акциясы жүріп жатыр.
- Елімізде мектептегі оқу жылы 2 аптаға ұзарды.
- Атырауда алғаш рет нан қалдықтарына арналған арнайы контейнерлер орнатыла бастады.
- Жеңілдетілген лизингпен алғашқы ауыл шаруашылығы техникасы беріледі.

www.almaty-akshamy.kz



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



● ПРЕЗИДЕНТ

ЯДРОЛЫҚ МЕДИЦИНА ОРТАЛЫҒЫ

қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту үшін қызмет ететін болады



Позитронды эмиссиялық компьютер томографиясы диагноз қою сапасын арттырады.

Ядролық медицина орталығы іске қосылған кезде диагнозын қою қиын қатерлі ісік ауруларын, сондай-ақ кардиология және неврология ауруларын ерте кезеңінде анықтайды.

Бұл аппараттың Орталық Азия мен ТМД елдерінде баламасы жоқ.

(Басы 1-бетте)

Президентке алдымен қыркүйек айында ашылатын Ядролық медицина орталығының диагностика блогы таныстырылды. Ядролық медицина орталығы іске қосылған кезде диагнозын қою қиын қатерлі ісік ауруларын, сондай-ақ кардиология және неврология ауруларын ерте кезеңінде анықтайды. Заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген жаңа

Циклотронды кешен арқылы 9 радиофармпрепарат өндірісіне жол ашылмақ. Қазақстанда бұл препараттардың сегізі бұрын өндірілмеген.

орталықтың қызметі – емделуге жолдама берілген әрбір қазақстандыққа ортақ.

Бұл орталықтың ерекшелігі – қазіргі кезде әлемдік медицина индустриясында қолжетімді позитронды эмиссиялық компьютер

томографиясы. Сканерлеу жылдамдығы жоғары бұл аппарат диагноз қою сапасын арттырады. ПЭТ/КТ зерттеуінен өтетін пациенттердің санын жылына 3 мыңнан 7 мыңға дейін арттырады. Мамандардың айтуынша,

қазіргі уақытта бұл аппараттың Орталық Азия мен ТМД елдерінде баламасы жоқ.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа циклотронды-өндірістік кешен мен диагностикалық блоктан тұратын бірегей Ядролық медицина орталығының басқа да мүмкіндіктері туралы баяндалды. Атап айтқанда, циклотронды кешен арқылы 9 радиофармпрепарат өндірісіне жол ашылмақ. Қазақстанда бұл препараттардың сегізі бұрын өндірілмеген.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы жаңа емдеу-диагностикалық блоқты аралап көрді. Бұл жерде күрделі ауруларға шалдыққан науқастарды емдеу мен оңалтудың тәсілдері арқылы 7 терапиялық бөлімше жұмыс істейді.

Президент дәрігерлермен және ғалымдармен пікірлесіп, Ядролық медицина орталығының қызметі бүкіл еліміз үшін айтулы оқиға болатынын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев орталық қызметі азаматтардың денсаулығын жақсартуға және қазақстандықтар үшін заманауи медициналық технологиялардың қолжетімділігін арттыруға қызмет ететініне сенетінін жеткізді.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ:

БИЗНЕСТІ ЖӘНЕ ЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлимановты қабылдады.

Президентке Қаржылық мониторинг агенттігінің биылғы жеті айдағы қызметі жөнінде есеп берілді. Мәліметтерге сәйкес 857 іс тергеліп, 88 миллиард теңге көлеміндегі залал өтелді. Көлеңкелі экономикаға қарсы күрес аясында 33 ұйымдасқан қылмыстық топ ұсталды. Бюджет қаражатын жымқыру бойынша 132 іс тіркеліп, келтірілген залал 57 миллиард теңгеден асқан. Оның 53 миллиарды қайтарылды.

Үкіметпен бірлесіп қабылданған шаралар аркасында көлеңкелі экономиканың деңгейі соңғы 3 жылда 23 пайыздан 19 пайызға дейін төмендеген.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жекеменшікті қорғау және рейдерлік фактілерге жол бермеу үшін қабылданып отырған шаралар жөнінде баяндалды. Қазіргі уақытта 8 іс тергеліп жатыр. Атап айтқанда, Алматыда бизнесті рейдерлік басып алумен айналысқан қылмыстық топ құрықталды. Олар 18 миллиард теңгеден астам залал келтірген.

Сонымен қатар, агенттік тарапынан коммуналдық қызмет саласында тарифтерді негізсіз көтеру фактілері анықталып, 20 монополистке қатысты 34 қылмыстық іс қозғалды. Тұтынушыларға тарифті азай-

ту түрінде 11,6 миллиард теңге залал өтелді.

Президентке жанар-жағармай материалдарын заңсыз шығарудың алдын алуға қатысты тапсырмаларының орындалу барысы туралы да ақпарат берілді. Жанат Әлимановтың хабарлауынша, бұл салада 36 іс қозғалды. Атап айтқанда, Павлодар, Батыс Қазақстан және Түркістан облыстарында ірі сомдағы жанар-жағар майды заңсыз шығаруға жол берілген жоқ.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа азық-түлік бағасын қолдан қымбаттатқан жосықсыз тасымалдаушыларға қатысты тергеу бас-талғаны туралы баяндалды.

Мемлекет басшысына қаржы пирамидаларының қызметін ерте кезеңде анықтау бойынша жүргізіліп отырған жұмыс туралы айтылды. Заңға қайшы келетін контентті қамтитын 3 мыңнан астам сайт бұғатталды. 64 іс қозғалып, 7,8 миллиард теңге көлемінде айыппұл салынды.

Кездесу соңында Президент бизнесті және ел азаматтарының мүддесін қорғауға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





ӘКІМ

АЛМАТЫ – СПОРТТЫҚ
АСТАНАМЫЗ

Орталық саябақта заманауи алаң ашылды



Суретті түсірген Самат СЕРКБАЙҰЛЫ.

Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Орталық мәдениет және демалыс саябағында орналасқан «Велотрек» аумағында заманауи спорттық алаң ашылды. Жаңа алаңның ресми ашылу салтанатына Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, ҚР велоспорт федерациясының президенті Нұрлан Смағұлов, спортшылар мен қала тұрғындары қатысты.

– Құрметті алматылықтар, велоспорт әуесқойлары мен достар! Алматы қаласының Орталық мәдениет және демалыс саябағында көптен күткен «Велотрек» алаңының ашылуымен барлықтарыңызды құттықтаймын! 40 жыл бұрын ашылған орталық тиісті инфрақұрылымның болмауынан біраз уақыт қолжетімсіз болып келді. Алматы үшін мұндай маңызды нысанға екінші өмір беру – қаламызда жаңа спорттық іс-шараларды өткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл жер біздің алматылық команда – «Almaty cycling team» үшін де жаттығуға арналған тамаша орталық болмақ. Олардан алдағы уақытта үлкен жеңістер күтеміз, – деді Ерболат Досаев. Сонымен қатар, шаһар басшысы қала әкімшілігі мен жеке инвесторлардың бірігіп жұмыс істеуінің маңызы туралы да айтып өтті:

– Бүгінгі күні біз үшін велосипед тек экологиялық таза көлік емес, ол жалпы еліміздің жаңа даму бағытының символы десек те болады. Үлкендер де, кішкентай балалар да велосипедті еркін қолданады. Бұл парк біздің өскелең ұрпақ пен жас спортшыларымызға үлкен мүмкіндік береді деп ойлаймын. Осы орайда, Нұрлан Смағұловтың басшылығындағы «Astana group» компаниясы мен ҚР велоспорт фе-

дерациясына қала дамуына қосқан үлесі үшін алғысымды білдіремін. Егер бәрі сәтті болса, айтылған компания жыл соңына дейін тағы да оншақты іс-шара ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Ал қала әкімшілігі барлық жақсы бастамаларды қолдауға дайын. Әкімшілік пен жеке инвесторлар арасындағы мұндай серіктестік қала дамуына алдағы уақытта да пайдасын тигізе береді деп сенеміз – деді қала әкімі.

Жаңа спорттық алаңның ресми ашылу салтанатында ҚР велоспорт федерациясының президенті Нұрлан Смағұлов та сөз сөйлеп, қала тұрғындарын осынау айтулы оқиғамен құттықтады:

– Орталық мәдениет және демалыс саябағы барлық алматылықтар үшін маңызды екені сөзсіз. Біз мұнда орналасқан «Велотрек» алаңын қайта жаңғырта алғанымызға өте қуаныштымын. Бүгінге дейін елордада ғана велоспортқа бағытталған алаң болды. Енді оңтүстік астанамызда да осы спорт түрі қарқынды даму үшін жағдай жасалды. Сондай-ақ, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевқа әкімшілік тарапынан көрсетілген көмек үшін алғысымды білдіремін. Мен «Алматы – еліміздің спорттық астанасы» деп зор мақтанышпен айта аламын. Демалыс күндері үлкеннен кішіге дейін қала тұрғындарының көпшілігі велосипедке мініп, тауға және басқа да алаңдарға шығады. Сондықтан балаларымызға қауіпсіз орталық ашуды жөн көрдік. Мұнда бір жыл ішінде 10 мыңға жуық адам спортпен айналыса алады, – деді Қазақстан велоспорт федерациясының президенті.

Орталық мәдениет және демалыс саябағында орналасқан бұл аумақта ең алғаш рет 1979 жылы ағаш алаң салынып, қолданысқа берілген. Алайда, оны жауып тұратын шатыр болмағандықтан, алаң аймағы жауын-шашыннан 4-5

жылда қолданысқа жарамай қалады. Адамдар «Велотрек» аумағындағы ағаш төсенішті алып тастап, мұнда әрі қарай да велосипед тебулерін жалғастыра берген. Алайда, 1990 жылдары алаң мүлдем жарамсыз болып қалған. Біраз жылы бойы қолданыста болмаған алаң 2021 жылы Қазақстан велоспорт федерациясының Алматыдағы бөлімшесінің қоластына өтеді. Өткен жылы ҚР велоспорт федерациясының президенті Нұрлан Смағұловтың бастауымен құны 391 млн тт құрайтын «Велотрек» аумағын жаңғыртудың жобасы жасалып, құрылыс басталған.

– Жаңадан ашылған спорттық алаң бұрынғыдай тек велоспортшылардың қолданысына берілмейді. Мұнда марафоншылар мен скандинавиялық жүріс спортшылары үшін жүгіру жолы бар. Алаң ішінде Орталық Азиядағы ең үлкен скейтпарк салынды. Сондай-ақ, «Open Gym» орталығы туралы айта кеткенім жөн. Бұл – дене шынықтыруға арналған алаң. Бұл жерде шатыр болмағанына қарамастан, алаң барлық климаттық жағдайларға төзімді. Яғни 2-3 жылда жарамсыз болып қалады деп қорықпаймыз. Одан бөлек, алаң аумағында BMX (велоспорт түрі) трассалары ашылды. Бұл жолдарда балалар 5 жастан бастап велосипедтебе алады. Жалпы, велоспорт секцияларына тек 10 жастан қатысуға алады. Ал оған дейін бүлдіршіндер осы BMX трассаларында тәжірибе жинайды, – деді ҚР велоспорт федерациясының бас хатшысы Әсем Қонақбаева.

Айта кеткен жөн, Орталық мәдениет және демалыс саябағында орналасқан «Велотрек» алаңында барлық қала тұрғындары тегін спортпен айналыса алады. Ескерте кетейік, велотрек жолдары мен скейтпаркке арнайы бас киім мен құрал-жабдықсыз кіруге болмайды.

Ағымдағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында кездесу барысында бетперде режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау ұсынылады. Сондай-ақ, бөлмелерде қолды өңдеуге арналған санитайзерлер орнатылады.

Кездесуді онлайн режимінде «Алматы» телеарнасының Youtube парақшасында және Наурызбай әкімдігінің Facebook парақшасында көруге болады.

АШЫҚ ӘКІМДІК

АПТАЛЫҚ
АҚПАРАТТАРҒА АҢДАТПА

(«Almaty aqshamy»: 8–14 тамыз, 2022 жыл)



Алматыда қала әкімдігінің ұйымдастыруымен және шаһар басшысының тікелей қатысуымен әр апта сайын маңызды іс-шаралар өтетіні белгілі. Жалпы, мегаполистің барлық жаңалықтары «Almaty aqshamy» газетінде және басылым сайтында тұрақты түрде беріліп келеді. Бүгіннен бастап біз әр сейсенбі сайын өткен аптаның маңызды деген оқиғалары мен шараларына шолу-аңдатпа жариялап отыратын боламыз.

ДҮЙСЕНБІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қоғамдық көліктегі әйелді құтқарып қалған Райымбек Медетбекпен кездесіп, бүгінгі күннің батырына ерлігі мен белсенді азаматтық ұстанымы үшін Алғыс хат пен бағалы сыйлық табыс етті.

СЕЙСЕНБІ

Алматы Катардан келген бірінші ұйымдасқан іскерлік туристер тобын қарсы алды. Қазіргі таңда Алматыға Таяу Шығыс елдерінен туристер көптеп келуде. Бірінші тоқсанда қалаға 55 мыңнан астам шетелдік турист келген! Бұл – оңтүстік астанамызды халықаралық нарықта ілгерілету үшін Алматы қаласының әкімдігі мен туроператорлардың бірлесіп жүзеге асырған халықаралық іс-шараларының нәтижесі.

СӘРСЕНБІ

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен шаһарда «Абай күні» аталып өтті. Қалада ұлы хәкімнің шығармаларын жастар арасында насихаттау мақсатында дәстүрлі «Абай оқулары» өтті.

БЕЙСЕНБІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті. 300-дей аудан тұрғыны келген жиын үш сағатқа созылды. Қала әкімі тұрғындар сауалдарына нақты жауабын беріп отырды. Ал күрмеуі қиын, түйткілді мәселелерді зерттеп-зерделеуді жауапты сала мамандарына тапсырды.

Аптаның төртінші күні шаһар басшысы Бостандық, Наурызбай, Алатау, Жетісу, Түрксіб, Медеу аудандарындағы медициналық мекемелерде болып, Алматы қаласының денсаулық сақтау нысандарының жағдайымен танысты. Мегаполистің денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру, атап айтқанда, «қадамдық қолжетімділік» қағидаты аясында халықты сапалы медициналық қызметтермен қамтамасыз ету жөнінде нақты тапсырмалар берді.

ЖҰМА

Ерболат Досаевтың төрағалығымен 2022 жылға арналған Алматы қаласының көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өтті. Кеңес қорытындысы бойынша қала әкімі жолайрықтар мен өтпелі жолдарды салу үшін жер учаскелерін сатып алуды жеделдетуді, ағаштарды санитарлық кесу жұмыстарын күшейтуді, ағымдағы жылға жоспарланған барлық жұмыстарды кестеге сәйкес орындауды тапсырды.

Ерболат Досаев, сондай-ақ, Құрылысшылар күніне арналған салтанатты шараға қатысып, құрылыс саласының өкілдерін кәсіби мерекелерімен құттықтады. Бұл сала – қала экономикасының негізгі драйверлерінің бірі. Бүгінде құрылыс саласында 100 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Жыл сайын қалада орта есеппен 1,5 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға беріледі.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин қала скверлерін абаттандыру жұмыстарымен танысып, сапасын тексерді.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыровтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша отырыс өтті. Басқосуда агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау саласындағы және «Алматы «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдаудың қорытындылары талқыланды.

Алматы қаласының Білім басқармасы «Жалпыға міндетті білім беру» бағдарламасы бойынша бір балаға жергілікті бюджеттен 43 мың теңге бөлінетінін хабарлады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ШАҒАР БАСШЫСЫ
ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 2022 жылғы 18 тамызда, сағат 9.00-де Қали Надыров көшесі, 50 мекенжайындағы Рахым Сәрсенбин атындағы №192 орта мектепте Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездеседі.



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ ШЕНДІЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

КУПЕДЕГІ «ТАПШЫЛЫҚ»

Пойыздарда жастықтың тысы мен терезенің пердесінен, төсектің матрасынан жырмалап, үнем жасаудың себебін тиісті орындардың тексергені абзал



Алматыдан Таразға апаратын пойызға (033ЦА) отырғанбыз. Көлігіміз кестеге сай жүрсе, межелі жерге 8-9 сағатта жетеміз. Түн ортасы, төсек-орнымызды қамдап, жатуға енді ыңғайланғанбыз. Ойда-жоқта іргедегі купеден естілген қатты күлкі еріксіз тандандырды. Жолаушылардың жастыққа бастарын қойғанын көршілердің пысқырмағаны ма? Жалпы, күлкінің неше түрін көріп жүрміз ғой. Күндізгі ойын-күлкінің жөні бөлек. Тек бір жолы ғана «дарақы» күлкінің куәсі болғаным есімде.

Онда іргелі компанияға қызметке ауысқан кезім. Желдеткіш құбыры арқылы жеткен дарақы күлкі жиренішті еді. Етегін желпіп, қарқылдап күлетіндей ме, қалай? Әбес әрекеттің иесі қарсы кабинеттегі әйел адам екенін даусынан танымын. Бөлім бастығы болып еңбек ететін әріптестің не үшін күлетіні өзіне ғана мәлім. Қызметтегі жан-ның соншалықты бейпіл мінезі жағымсыз-ақ. Ол өзінің күнделікті, дағдылы күлкісі мен жайшылықтағы сыпайы

жүріс-тұрысының «бетпердесін» сыпырып тастағандай болатын.

Ал купедегі күлкі, әйтеуір ұзаққа созылмады. Келесі күні ертерек оянып, «киелі Тараз топырағына қашан табанымыз тиеді» деп күтіп отырғанбыз. Әдеттегідей «жолынан жаңылған» пойыздың тасбақа митыңы шыдамды одан бетер саркыды. Көрші азамат ашық есіктен амандасып, түндегі күлкілерінің себебін айтып, кешірім өтінген. Сонда ғана олардың «ұйқы ашар» одағай әре-

кетін түсінгендей болдым. Күлетін де жөндері бар: кеше купедегі «тапшылықты» зайыбым екеуіміз де байқаған едік.

Тіпті, үнемдеуге болмайтын нәрседен жырымдағандары көңілге еріксіз кірбің түсіреді. Өзіңіз қараңызшы, пойыздардағы соңғы жылдары пайда болған «үнемшілдікті» қалай түсінуге болады? Соның салдарынан жолаушы ішкі қайырмасы жоқ тысынан сыртқа «қашқан» жастықпен түнімен алысып шығады. Сондағы үнем жасағандары көйлек жеңінің жартысындай ғана мата. Әлбетте, кейбіреудің осылай жинала келгенде қайырма матадан-ақ қарпып қалары даусыз. Ондайлар жолаушының жағдайын ойлап қайтсін!?

Өзіңіз көріп отырсыз, мына бір терезе перделері бір қарыс қысқа болған соң, аттың шолақ құйрығы секілді шолтан-шолтаң етеді. Бұл да «жебір бұзаудың» жұтқыншағынан өтіп кеткендей. Әйтпесе, терезені толық жабуға болар еді ғой. Сөзім дәлелді болсын деп,

суреттерін қоса салып отырмын. Жалпы, соңғы жылдары жолаушылар вагондарының жайсыз екені тайға таңба басқандай, жамбасқа батқандай. Мәселен, мына бір матрастардың да ені тар екені көзге оттай басылмай ма?!

Тағы бір қызығы, бұрыннан бардың жақсысын «жөндемек» болып, керісінше бүлдіргеннің куәсіміз. Мәселен, екінші қабаттағы төсектердің аяқ жағынан баяғыда бір қарыс орын қалдырылатын. Бұл, әсіресе, қысты күні тон мен пальто секілді етегі ұзын сырт киімді ілгенге қолайлы еді. Қазір жаңағы қуыстың жоктығынан киімдерінің етегін қайырып аяқтарыңа немесе басыңа жастаудан басқа амал жоқ. Ол аз десеңіз, жоғарыға шығуға қажет жиналмалы басқыштың орнына қойылған алақандай темір табанның «тобығы шығып» кеткен соң жиналмайды, былқ-сылқ, әрі аяққа батады.

Төмендегілердің де шекесі қызып тұрған жоқ. Мәселен, мына бір киім ілгіш шалқайып отырғанға кедергі, еріксіз бүкірейесін. Өйтпесен, жаңағы темірге қарақұсыңды соғып, қапыда тіл тартпай кетуің мүмкін. Жалпы, басқасын қайдам, жолаушы вагондарының біз білетін төрт-бес түрі бар. Жолсеріктердің айтуларына, қыстық ұзын етек киім ілінбейтін вагондар қытайда шығарылған көрінеді. Сол секілді, өзбектікі дейтін вагондар және басқалары бар. Біз үшін, «Тұлпарды» айтпағанда, бұрынғы вагондар жайлырақ еді.

Шынымен-ақ күлкілі, бұл жұмсақтың айтқанда. Ал турасына көшсек, жастықтың тысы мен терезенің пердесінен, төсектің матрасынан жырмалап, үнем жасаудың себебін тиісті орындардың тексергені абзал. Ескіні ақылмен жаңартып, жайлы етіп жасай алмайды екен, «велосипед ойлап табудың» қажеті қанша? Енді іргелес купедегі көршілердің мінезін біз де қайталап, қосыла күлгенбіз. Күлмегенде жылаймыз ба, қайтейік, енді! Қаламды да қолымыз қышып бара жатқан соң алмазанымыз шыныбық, бірақ қалайша үнсіз қаларсың. Мұның қасында ауа желдеткіш арманға айналғандай-ау!

Болат ЖҮНІСБЕКОВ,
жазушы.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ

ЖАУАПТЫ АДАМДАР ҚАЙДА ҚАРАП ОТЫР?



Ақтолық
тұрлығызы

Редакциямызға оқырмандардан түрлі хат-хабар келіп түсуде. Солардың ішінде бей-жай қарай қоймайтын мәселелер де баршылық. Мәселен, Азовская көшесінің тұрғындары жөндеу жұмыстары түнгі уақыттарда жүргізіліп, мазаларын алғанын айтады. Қазылған шұңқырлар балаларға да қауіп төндіреді. Одан қала берді, жөндеу жұмыстары ыстық судың өшуіне, газ құбырларына зақымын келтірген. Сондай-ақ, жеке тұрғын үйлерді ауызсусыз қалдырған. «Қараңызшы, бей-берекет қазып тастады бәрін. Бұл шұңқырлардың тереңдігі екі метрден асады. Көшенің ең маңызды аймағын қазып тастады. Дүкен, тұрғын үй, жеке сектор, жатақханалар және № 61 балабақша бар

аллеялар орналасқан. Бір жаққа шығу үшін шұңқырдан секіріп өтеміз. Өте ыңғайсыз. Жұмысшыларға мән-жайды түсіндірсек, «бастықтарға хабарласыңыздар, біз ешнәрсе шеше алмаймыз» дейді. Баннерлердегі ақпараттық телефондарға хабарлассак, ешкім телефонды алмайды. Қашанғы қазылып жата береді бұл жер. Жауапты адамдар неге бізбен кері байланысқа шықпайды», – дейді тұрғын Айсулу Еркінқызы. Қазіргі уақытта қаламызда жөндеу жұмыстары көптеп жүргізілуде. Алайда, өз ісіне жауаптылар мәселені апталап, айлап қалдырмай белгіленген уақытта жұмыстарын аяқтауда. Осы ретте кей қызметкерлерге «жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз», – деген сөздерден аулақ болсаңыздар дейміз. Себебі, ұзаққа созылған жұмыстар тұрғындарға қолайсыздық тудырып жатқаны жасырын емес.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

АҚШАНЫ АЛАДЫ, АУЛАНЫ ТАЗАЛАМАЙДЫ

Алматы көшелерімен келе жатсаңыз гүлдермен әрленген, түрлі жеміс ағаштары өсіп тұратын аулаларды көзіңіз шалады. Алайда, сол табиғаттың көркемдігіне зиянын келтіріп жатқандар да баршылық. Олардың бірі адамдар болса, екіншісі жауапты адамдардың өз істеріне салғырт қарауы. «Ақшаны алады, ауланы тазаламайды», – деген шағыммен «7-ы.а» тұрғындары өз өкпе-наздарын білдірді. Сөздеріне сенсек, аула айлап қана тазаланады. Оның өзінде тұрғындардың наразылығымен деседі. «Ақша жинап алады, істелмей бәрі бәз-баяғыша қалады. «Жұлдыз» ПИК-сына қаншама рет шағымдандық. Не істерімізді білмей қалдық қой. Ақыр аяғында өзіміз тазалауға көштік. Бұлай жата берсе, денсаулығымызға да зиян. Балалар да қоқыспен ойнайтынды шығарып алды. Егер өзіміз тазалайтын болсақ, онда ПИК-ке неліктен ақша төлейміз? Сол жағын түсінбей жатырмын», – дейді Акеркен Есет есімді оқырман.



МЕДЕУ АУДАНЫ

Медеу ауданының тұрғыны Жамал Омарова көшесінде орналасқан «Айжан» дүкені мен ондағы бағаны бақылауға тиіс мекемелерге өкпелі екенін айтты.

БАҒАНЫ БАҚЫЛАЙТЫН АДАМ БАР МА?



Досбол
АТАЖАН

– Мен осы Медеу ауданында тұрамын. Жасым 75-те, жолдасым 78-де. Үйіме «Айжан» дүкені жақын болған соң азық-түлікті осы дүкеннен аламын. Басқа жерге барайын десем, алыс. Ал мұндағы сатушылар жасым үлкен, дым түсінбейді дей ме, бізге өзгелерден қымбатырақ баға айтады. Нанды бір күні 180 тг алдым. Бірнеше күннен кейін жаңа сатушы келіпті, ол маған 160 тг берді. Ол балаға «азық-түлік арзандаған ба десем», «жоқ, баға әрқашан осындай, сізге қымбатқа кім сатқан?» деп жауап берді. Бұған дейін де байқағанмын, басқа адамдарға басқа баға, маған келгенде басқа баға айтады. Бұл не деген маскара? Дүкендегілерге өкпемді айтсам, «қалаған адамыңа шағымдана бер» деп бет қаратпайды. Осыны тексеріп, бақылайтын адам бар ма? Әлде, зейнет жасына келгенде осындай қорлық көріп жүре бермекпіз бе? – дейді Сауле Бекбосынова есімді тұрғын.



АУДАНДАРДА НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

МЕДЕУ АУДАНЫ

ШАҒЫМДАР ЕСКЕРІЛЕДІ

Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин тұрғындармен кездесті. Аралау барысында Обсерватория көшесінде тұратын тұрғындардың жағдайы зерттелді. Сәулет және қала құрылысы басқармасының өкілдерімен, полиция басқармасының қызметкерлерімен бірге Алматы қаласының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын өзгерту және жекеменшік үй құрылыстарын салуға СЖТ беру мәселелері талқыланды.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Аудан әкімі Пушкин-Құрманғазы мекенжайында тұратын тұрғындармен кездесті. Кездесуге осы ауданда кәсібі бар кәсіпкерлер де қатысты. Олармен тазалық пен қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша түсіндірме жүргізілді. Бұған дейін тұрғындар кәсіпкерлердің өз аулаларында қалдырған қоқыстарына шағымданған еді. Кәсіпкерлерге қоқыс контейнерлерін орнату тапсырмасы

берілді. Олар пәтер иелерімен қоқыс контейнерлерін орнату орны туралы алдын ала келісуге тиіс.

«Ракса» дүкенінің жұмысына қатысты тұрғындардан көптеген шағымдар келіп түсті. Ауланың аумағында салынған гараждарға шағымданды. Ғимараттар заңсыз екені белгілі болды. Дүкен өкілдерімен осы заңсыз құрылыстарды бұзу туралы әңгіме жүргізілді. Бұл жұмыстар Медеу ауданы әкімдігінің абаттандыру бөлімімен бірлесіп жүргізіледі», – делінген хабарламада.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

ШЕШІЛГЕН МӘСЕЛЕ КӨП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үкімет пен халық етене жақын болуы үшін жергілікті билік өкілдеріне біршама тапсырмалар берген болатын. Мысалы, қала басшылары мен аудан әкімдері әр тоқсан сайын тұрғындармен кездесу өткізуі тиіс. Жыл басынан бері 8 ауданда кездесулер өткізіліп, шағымдар бойынша жұмыстар басталып кетті. Әр аудан басшылары да тұрғындармен жеке кездесулер өткізуде. Мысалы, Әуезов ауданының әкімі Сайран Сайфеденовтың халықпен кездесуінде қойылған сұрақтардың біразы шешімін тапқан.



Динара МҰРАТ

Әуезов ауданы – шаһардағы халық ең тығыз орналасқан аймақтың бірі. Сондықтан мұнда көлік қозғалысы мен автотұрақ мәселесі әрдайым назарда. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, «Ақсай» шағынауданындағы жеке тұрғын үйлер орналасқан дәл осы көшемен тәулігіне 2 мыңға жуық көлік жоғары жылдамдықпен жүріп өтеді. Негізгі себеп – кептелісте тұрғысы

келмейтін жүргізушілер Момышұлы көшесінен Райымбек даңғылына өтуі үшін осы аумақты кесіп өтеді екен. Салдарынан аулада алаңсыз ойнап жүрген балаларды қағып кету, жол апаты секілді оқиғалар жиі болған.

Бұл түйткілді қолға алған қала билігі аталған көшеде тұрақтауға рұқсат етпейтін жол белгілерін орнатқан. Бұл шешім тұрғын үй ауласына кіретін жедел жәрдем мен төтеншеліктердің қозғалысын жеңілдетті. Ал көліктердің жылдамдығын тежеу мақсатында арна-

йы тас жабынды төселген. Сондай-ақ, «Мамыр-1» шағынауданындағы жеке үйлердің де жолы жөнделді.

Тағы бір мәселе, бұған дейін иесіз деп танылған электр стансасы жер сатылғанда жекеменшік үйдің аумағында қалып қойған еді. Техникалық ақау туған жағдайда, жөндеу қиынға соғатын. Әуезов ауданындағы 70-ке жуық тұрғын үйді электр қуатымен қамтамасыз етіп отырған қосалқы трансформатор мемлекет меншігіне өтетін болды. Мәселенің оң шешілгеніне халықтан риза. Қазір трансформатор бос жатқан аулаға шығарылып, халық игілігіне берілді.

9 ш/м жерге орналастырылған нысан қазір 70-ке жуық үйді жарыппен қамтып отыр. Қазір «Алматыжарық» компаниясының теңгеріміне алынып, жерді заңдастыру жұмыстары жүзеге асырылуда.

Бүгінде Әуезов ауданында барлығы 966 аула бар. Соның 191-і жөндеуден өтіп, қыркүйекте ел игілігіне берілетін.

БРИФИНГ

АЛМАТЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРГЕ ӨТЕ БАЙ



Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ

Талғат Мамыровтың айтуынша, кәсіби мерекенің жазда атап өтілуі кездейсоқ емес, өйткені археологтар үшін бұл – дала маусымы жұмысының нағыз қызған шағы.

«Қазіргі уақытта археологтардың көпшілігі жазықта, экспедицияларда, археологиялық орындарды қазып, зерттеп, көне заманның жаңа нысандарын іздеуде», – деді Т.Мамыров. Сонымен қатар, ол археологиялық ғылым далалық зерттеулер жүргізумен шектелмейтінін атап өтті.

«Бүгінде елімізде 15 археологиялық жасақ жұмыс істейді. Экспедициялар барлық бағыттар бойынша жүргізіледі. Бұл тас, қола ғасыры, ерте темір ғасыры және орта ғасыр дәуірі. Мысалы, осы маусымда Ақтөбе облысының аумағында қоладан құйылған металлургиялық пештер анықталды. Егер бұрын мұндай металлургиялық олжалар негізінен Орталық Қазақстан аумағында болса, бүгінде археологиялық отрядтар жұмысының нәтижесінде тау-кен ісінің басқа өңірлерде де дамығаны белгілі болды», – деп хабарлады спикер.

Бұдан басқа, Шығыс Қазақстан облысында зерттеулер іске асырылып жатқанын, сондай-ақ Ақтөбе облысының Темір ауданындағы Таскопа қорымынан сармат жауын-

Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Археолог күніне арналған баспасөз конференциясы өтті. Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты директорының ғылым жөніндегі орынбасары Талғат Мамыров 2022 жылғы қазба жұмыстарының алдын ала қорытындылары, сондай-ақ ғалымдардың күнделікті жұмысы туралы айтып берді.

герін қайта реконструкциялау жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Т.Мамыровтың айтуынша, Алматы археологиялық ескерткіштерге өте бай. Мәселен, қазба барысында табылған көне тиындар соның айғағы.

«Біздің қаламызда орта ғасыр ескерткіштері өте көп, темір ғасырының қорғандары, елді мекендері жиі кездеседі. Алма-Арасан ауданында шекара маңы аймағында бұрындары табылған қалашықтар бар. Алматының жоғарғы бөлігінде археологиялық олжалар болуы әбден мүмкін», – деді спикер.

Спикер таяудағы екі жылда институт базасында екі жоба іске асырылып жатқанын айтты. Олар «Этномәдени зерттеулер контекстіндегі «Ұлы дала» және «Қазақ даласындағы Мәдени генезис: археологиялық дереккөздер деректері бойынша материалдық және рухани мұралардың сабақтастығын зерттеу» деп аталады.

«Біздің мамандар көпжылдық далалық зерттеулер кезінде алынған археологиялық коллекцияларды талдау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізуде. Көптеген коллекциялар белгілі бір себептерге байланысты өңделмеді, енді институт қызметкерлерінің алдында табылған заттарды толық түгендеу, оларды сипаттау және ғылыми айналымға енгізу міндеті тұр», – деп хабарлады Т.Мамыров.

Осы бағдарламалар аясында институт Қазақстан археологтары үшін дәстүрлі жыл сайынғы Марғұлан және Ахинжанов оқуларын жандандырды.

Мәселен, Марғұлан оқулары – бұл Қазақстанның және шетелдердің жетекші археологтары үшін есеп беру конференциясы, онда әріптестер далалық және теориялық зерттеулердің нәтижелерімен танысады, әдістемелік ұсынымдар әзірлейді, археология саласындағы негізгі проблемалар бойынша «дөңгелек үстелдер» өткізеді; ал Ахинжанов оқулары – бұл жас ғалымдар мен студенттер үшін бас-

тапқы алаң. Айта кеткен жөн, әл-Фараби және «Есік» мемлекеттік мұражай-қорығы қазақстандық ғылым апталығы аясында биыл Археология институты ҚазҰУ-дың Тарих факультетімен бірлесіп Ахинжанов оқуларын өткізген болатын.

Алғашқы «Ахинжанов оқуларына» (1993 ж.) қатысқан көптеген студенттер мен жас ғалымдар өз өмірлерін археология ғылымымен байланыстырды. Өткізілген конференциялардың ауқымдылығына қарамастан, олардың арқасында отандық археологиялық мектептің қатары талантты ғалымдармен толықтырылды.

Талғат Мамыров еліміздегі жалғыз мамандандырылған халықаралық «Қазақстан археологиясы» ғылыми журналы туралы айтып берді. Оның беттерінде Қазақстан мен далалық Еуразия археологиясының проблемалары көтеріледі.

Институт, сондай-ақ, РҒА археология институтымен, Кореяның мәдени мұрасы институтымен, Нью-Йорк институтымен және т.б. бірлесіп халықаралық жобаларды іске асыруға қатысады, өткен жылы институт ең көп мақалаларды журналдарда жариялаған ҚР ҒЗИ мен орталықтарының 20-сына енді.

Сөзінің соңында Талғат Мамыров қалай археолог болуға болатынын айтып берді.

«Археолог болу үшін зерттеушінің археология бойынша базалық білімі болуы керек. Бұл тарихшы болуы мүмкін. Археологтарды «күреппен қаруланған тарихшылар» деп бекер атамаған. Қазақстанда археологтарды 5 жоғары оқу орны дайындайды. ҚазҰУ қатарында Еуразия ұлттық университеті. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, А.Яссауи атындағы Қазақ-түрік университеті және Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті сияқты өңірлік жоғары оқу орындары бар», – деп түйіндеді сөзін спикер.

БЕЙНЕСАРАПТАМА

ЖАҢА ҚҰРЫЛҒЫ

Алматы қаласының әкімдігі меншік иелерінің келісімімен адам көп жиналатын орындарға бейнекамералар орнату және бейнебақылау мониторингін жүргізу ережелерін әзірледі.



Айжан БҰРКІТБАЕВА

Ашық НҚА сайтындағы құжатта көрсетілгендей, жоба видеосараптама жұмысын жетілдіруді көздейді. Енді көліктердің мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері мен адамдардың бет-әлпетін анық көру мүмкін болмақ.

Бірыңғай видеомониторинг жүйесіне адам көп шоғырланатын әртүрлі объектілерде орнатылатын, сонымен бірге меншік иелерінің келісімімен коммерциялық ұйымдардың қолданысындағы бейнебақылау жүйелерін біріктіру қарастырылады.

«Алматы қаласының бірыңғай видеомониторинг жүйесі – қала бойынша бейнесекіндерді жинау, өңдеу мен сақтауды жүзеге асыратын бағдарламалық және техникалық



құралдардың жиынтығы. Ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудегі видеомониторинг ұлттық жүйесінің өңірлік бөлігі. Ол қала мәселелерін шешуде видеосараптама қалыптастыру функцияларын атқарады», – делінген құжатта.

Құжат ашық НҚА веб-сайтында 19 тамызға дейін талқыланады.

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ

СҰРАҚТАР ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Елімізде әлеуметтік төлемдер бойынша ең танымал сұрақтардың бірі – жүктілік және босану бойынша жәрдемақыларды ресімдеу және оны алу жолы. Бұл мәселе, әсіресе, отбасыда бірінші бала дүниеге келгенде өзекті.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының әлеуметтік-енбек саласы мәселелері жөніндегі байланыс орталығына осыған байланысты көп сұрақ келіп түседі. Бұл мәселе бойынша көрсетілген қызметтің үлесі зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша барлық өтініштің шамамен 20 пайызы болады. Өнірлер арасында Алматы (13,7%) көш бастап тұр, Түркістан (11,5%), Маңғыстау (9,7%) және Алматы облысы (9,6%) жалғайды, үздік бестікті Нұр-Сұлтан қаласы (9,2%) аяқтайды. Ал Солтүстік Қазақстан (0,7%), Қостанай (2,2%) және Павлодар (2,6%) облыстарынан жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақылар туралы сұрақ аз.

Байланыс орталығы мынадай бағыттар бойынша кеңес береді: зейнетақы, әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру, еңбек қатынастары және халықты жұ-

мыспен қамту, көпбалалы отбасыларға ай сайынғы жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек, БЖЗҚ-дан зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын алу және басқа да мәселелер. Қызмет көрсету барысында байланыс орталығының мамандары ҚР ЕХӘҚМ-нің «Е-Мәкет» және «Зейнетақы және жәрдемақы алушылардың орталықтандырылған дерекқоры» ақпараттық жүйелерін пайдаланады. Күн сайын байланыс орталығының 60 операторы тұрғындардың 3-5 мыңға дейінгі өтінішін қабылдап, қызмет көрсетеді. Ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ресми Telegram, Instagram, Facebook әлеуметтік желілерінде, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының ресми сайтында зейнетақы мен әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты жиі қойылатын сұрақтардың жауабын жариялауды жалғастырады.

Динара МҰРАТ.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Мектеп формасы:

БАҒА МЫН

Бір баланы мектепке толық дайындау үшін қанша қаражат керек?

«Күн жылып, жаз келді. Енді демалып, көңіл жайланады» деген кезде ең жылы маусымның екі айы өтіп кетіпті. Ал тамыз айында ананың да, баланың да бойына уайым кіреді. Бүлдіршіндер «түу, қайтадан ерте тұрып сабаққа барамын ба?» деп қам жесе, ата-ананың ойы бір бөлек. Үй үлкендері мектепте баласы ешкімнен кем болмай, еңсесін тік көтеріп жүру үшін жақсы бағада сапалы мектеп формасын, оқу құрал-жабдықтарын алуды ойлайды. Қыркүйек жақындаған сайын ата-аналардың баласын киіндіруге кеткен ақшасын айтып шағымданған бейнежазбалары әлеуметтік желілерде жиі жарияланып жатыр. Бұл мәселеге біз де мән беріп, Алматыдағы үлкенді-кішілі базар мен сауда орталықтарын аралап, бағаны басты назарға алдық.

БАЗАРҒА БАРАРДА
БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

Алматыда керек-жарақтың қай-қайсысын да таба алатын бірден-бір базарлардың бірі Алтын Орда болғандықтан, алдымен ат басын осында бұрдық. Бірінші кезекте көзге түскені тиімді бағалар емес, Еуропаның тар көшелеріндей адамдар сабылған кішкентай жолдар болды. Олардың барлығы көпшіліктің еркін жүрісіне ыңғайлы деп айта алмаймыз. Әсіресе, балалар арбасымен асыққан адамдардың арасында жүру тіпті қиын. Сондықтан бұл мәселені де назарға алған жөн.

Ендігі кезекте базардағы бағаларға тоқталайық. Биыл Оқу-ағарту министрлігі мектеп формасын қара-қою көк қылып бекітті. Журналист дегенде сескеніп, сатушылар баға айтудан тартынған соң, «қарындасыма, ініме алмақ едім» деп жүріп, киімдердің құнын білдік. Бастауыш сыныптың оқушыларына костюм-шалбар 7 мыңнан басталып, сапасына қарай 10–15 мыңға дейін жетеді. Ал 7–9-сынып арасындағы балаларға мектеп формасының ең арзаны 15 мыңға тұр. 18–20 мың арасында сатушылар сапалы деп ұсынған костюмді ала аласыз. Бойы да ойы да жетіліп, мектеп бітіргелі тұрған 10-11-сыныптағы түлектерге баға 20 мыңнан басталады. Мектептегі соңғы жылға ақша аямаймын десеңіз, 25–30 мыңдық форманы алуға болады.

Сапасы мен бағасы келіскен костюм-шалбар табылса, келесі ретте көйлек тұрады. Ақ жейденің тек өзін аламын десеңіз, 3,5–7 мыңның арасындағы баға айтылады. Кіші сыныптарға негізгі баға 3,5–4,5 мың болса, одан жоғары оқушылар үшін 6–7,5 мың арасында. Алайда, көйлекті, бүкіл формамең бір дүкеннен қарап көрсеніз, сатушының қолы мен көңіліне қарай 1–1,5 мың теңге жеңілдік жасауы мүмкін.

Қаражаттың қомақты бөлігін алатын киімдердің бірі – туфли. Білім іздеп, үйден мектепке, мектептегі бір кабинеттен екіншісіне жүгіретін баласының аяғында ықшам әрі ыңғайлы аяқкиім болғанын барлық ата-ана қалайды. Мұны білген кәсіпкерлер әдетте осы бір киімнің бағасын аспандатып қояды. Алайда, «базарға қарап тұрсам әркім барар, іздегені не болса, сол табылар» деп Абай атамыз айтпақшы, базардан барлық бағадағы туфли таба аласыз. Бастауышта жүрген бүлдіршінге жақсы аяқкиімдер 4,5–6 мың арасында тұр. Ал бала өскен сайын, баға да оған сайланып 7,5–8 мыңнан 15–16 мыңға дейін барады. Әрине, қаражаты жеткенге, 20–30 мыңдық аяқкиімдер де бар.

Негізі, мектеп формасының қосымша керек-жарақтарын айтып өтсек, белдіктің орташа құны – 2–3 мың, галстук – 1–1,5 мың, бантик – 500 бен 1000 теңге арасында.

Мектеп формасы алынған соң ата-ана жақсы сөмке алып, оның ішін қалам, дәптер, күнделік сынды мектеп жабдықтарымен толтыруды ойлайды. Осы себепті кеңсе тауарларына да бір көз жүгірткен едік. Базардағы ең арзан сөмкелер 4,5 мың теңгеге бағаланған. Жалпы, бастауыштағы балалар үшін орта баға 5,5–6,5 мың арасында қойылса, жасөспірімдер үшін 7,5–8,5 мыңдық сөмкелер таба аласыз. Егер керек-жабдықтың бәрін бір сатушыдан алсаңыз, сіз үшін 12 беттік дәптердің құны 20 теңге. Әйтпесе, 25 теңгеден кем беруге келіспейді. 36 беттік дәптерге баға 180 теңге, 96 беттікке 350 теңге қойылған. Сиясы нық түсетін қалам үшін 150 теңге, арзандауына 70–80 теңге жұмсайсыз. Ал баланың мектепте алған бағасын біліп отыру үшін күнделікке тағы 600 теңге керек. 12 данасы бар түрлі-түсті қарындаштар 800–1000 теңге арасында бағаланған. Оның бәрін жинақты алып жүретін қаламсауыттың бағасы – 1000–1200 теңгеден басталады.



Сонымен, орта бағамен бір оқушыны бар жабдығын жинап, бастан-аяқ киіндіріп көрілік. Костюм – 20 мың, жейде – 6 мың, туфли – 10 мың, сөмке – 6 мың, белдік – 2 мың, галстук – 1 мың және оған 10 мың көлемінде мектеп керек-жарақтарын қосқанда, жұмсалатын қаражат 55 мың болмақ. Ал спорттық киімдермен бірге есептесек, түпкі баға 85–90 мыңға барады. Осыған қарай отырып, әлеуметтік желіде «базарға барып бір балама 86 мың жұмсадым» деген ананың айтқанына көз жеткіздік.



ЖӘРМЕҢКЕНІҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Базардан шыққан соң оның жанындағы «Апорт» ойын-сауық орталығына жол тарттық. Мұнда адам азырақ болар деген үмітіміз ақталмады. Сауда үйінде де киім іздеген халықтың қарасы көп. Мұнда істейтін қызметкерлер «қыркүйек келгенше адамдар азаймайды» дейді. Базар секілді ұқсас тауарлар бір қатарға жиналмаған ойын-сауық орталығының қай тұсына барамыз дегенде, жолымыз болды. Дайындық маусымының келгенін білген кәсіпкерлер мұнда мектеп жәрмеңкесін ұйымдастырыпты. Базар киімдері негізінен Қырғызстан не Қытай өнімдері болса, жәрмеңкеде отандық өндірушілердің киімдері екен. Келген бетте қабырғаға ілулі тұрған тізімге көзіміз түсті. Жәрмеңке сатушылары әр киімнің бағасымен қатар, жалпы киінуге кететін ақшаның қорытындысын жазып қойыпты. Отандық өндірушілерден мектеп формасын алсаңыз, бастауыш сыныпқа 33 мың мен 43 мың арасында (пиджак 13 200 – 15 400 тг, белдемше 6600–8800 тг, шалбар 7200–7700 тг, қапсырма 6100–12 100 тг), 5–7-сыныпқа 34 мың мен 50 мың арасында (пиджак 13200–19 800 тг, белдемше 6600–8800 тг, шалбар 7500–8800 тг, қапсырма 6600–13 200 тг), одан жоғары сыныптар 40 мың мен 53 мың арасында (пиджак 16 500–19 800 тг, белдемше 8300–9400 тг, шалбар 8800 тг, қапсырма 7200–14 300 тг) ақша жұмсайсыз.

Келесі кезекте жәрмеңкеде сатылып жатқан мектеп керек-жарақтарының бағасын сұрадық. Мұнда 12 беттік дәптер 29 тг, 36 беттік 200 тг. Қалам мен қарындаштарда да базарға қарағанда 20–30 тг өсім бар. Қаламсауыттың бағасы 2 мыңға дейін жетеді. Байқағанымыздай, жәрмеңкедегі тауарлар 15–20% қымбаттау түседі. Дегенмен, ойын-сауық орталығында қаншалықты адам көп болса да, қауіпсіз әрі ыңғайлы сауда жасауға барлық жағдай жасалғанын ұмытпаған жөн.

Осы орайда, интернет-дүкендерге де шолу жасап өтейік. ХХІ ғасыр адамдары, әсіресе, карантин кезінде, бар керегін үйде жатып алдыруды әдетке айналдырды. Алайда, дәл осы балаларының мектеп формасына келгенде ата-аналар интернет-дүкендерден киім алуға тартынады. Онысы «балама дұрыс келмей қалса қайтем» деген уайымына байланысты. Дегенмен, ғаламтор арқылы сауда

жасайтын дүкендердің көпшілігінде кері қайтару келісімі болғандықтан, нар тәуекел етіп, мектептің керек-жарағын онлайн сатып алатын адамдар да аз емес. Ондай тұтынушылар үшін тек бүлдіршіндер мен орта жастағы балаларға арналған интернет-дүкендерде ең арзан ақ жейденің бағасы 3299 тг басталады. Орта бағадағы көйлектер – 4499 тг, ал қымбат дегендері – 6999 тг. Оның сыртынан киетін қапсырманы 2899 тг мен 7999 тг арасында таба аласыз. Жеке шалбардың өзі 7999–11 999 теңге көлемінде бағаланса, толық мектеп формасының құны (пиджак пен шалбар) 29 999 тг барады. Қыздарға арналған ең қолжетімді белдемше 3699 тг, ал қымбаттауы 7999 теңгеге дейін жетеді. Жігіттерге арналған туфлидің орташа бағасы 8799–11 399 тг арасында болса, қыздарға арналғаны 8799–13 199 теңгеге табылады.

«БАРАХОЛКАДА» БАҒА БЫЛТЫРҒА
ҚАРАҒАНДА 20%-ҒА ӨСКЕН

Ата-аналардың көпшілігі мектеп формаларын арзан бағада табуға тырысады. Бұл кезде қара базардың саудасы қызға түседі. Қала тұрғындарының басым көпшілігі киінетін «Барахолкада» баға былтырға қарағанда 20%-ға өскен. Бұл жаңалық үйінде 4–5 баласы бар отбасылардың шамына тигендігін көріп отырмыз. Амал нешік, баға өссе де, баланы киіндіру ата-ананың міндеті. Сол үшін де тапқан табысының жарым-жартысын киіндіруге жұмсайды. Мәселен, қыз баланың жеңіл жейдесі 3500 тг басталып 7000 тг дейінгі аралықта сатылымда. Белдемшенің бағасы 5500–10 000 тг дейін, костюмнің бағасы 15 000 тг басталады. Ескіден келе жатса да, әлі күнге сеннен жоғала қоймаған сарафандар 4500–7000 тг көлемінде қайта сатылымға шыққан. 7–12 жастағы қыздардың ақ, қара түсті классикалық аяқкиімдері 5500 тг басталып, 12 000 тг тұрақталады. 13 жастағы қыздарымыздың туфли, бөтенкелері жеңілдікпен 8000–15 000 тг қамтиды. Ер баланы мектепке даярлауда қыздарға қарағанда көп қаржы кете қоймайтынын байқадық. Қалай дейсіз ғой, 1–7-сыныпқа дейінгі балалардың жейдесі 2500 тг басталады. Жасөспірімдердікі 3500–5000 тг аралығын қамтиды. 1 шалбарлы костюмнің бағасы – 12 500 тг. Екі шалбарлы костюм 13 000 тг басталып 18 000 тг барады. Алайда, ер баланың аяқкиімдері қымбатқа шығады. Мәселен, 1–11-сыныпқа дейінгі ұлдардың аяқкиімдері 7000–15000 тг аралығын қамтиды. «Үйдегі бағаны базардағы нарық бұзады» демекші, ата-аналардың көпшілігі бағаның бұлай шарықтайтындығын күтпеген. Сондықтан болар, саудагерлермен келісуге тырысқан ата-аналарды көзіміз шалды. Обалы не керек, саудагерлер де халықтың қалауын тауып, көңілінен шығуға тырысады-ақ. Алайда, әрі кеткенде 500–1000 тг көлемінде жеңілдік жасайды. Осы ретте киімдердің бағасы сапасына татымайтындығын айта кеткеніміз жөн. Қазіргі уақытта базардағы киімдердің көпшілігі көршілес Қырғыз елінен әкелінеді. Тіпті, бұрынғы сапалы тұратын Қытай мен Түрік елдерінің киімдерін табу қиынға түскен. Ал отандық киімдерді базардан мүлдем кездестіре алмайсыз. Себебі, бағасы тым қымбат дейді саудагерлер. Оларды тек қаланың ортаңғы бөлігінде орналасқан сауда орталықтарынан ғана таба аласыз. Сауда орталықтарының бағаларын салыстырмақ болып, «Grand Park» сауда орталығына барғанда, баға бірнеше есе қымбат екенін байқадық. Қалтасы қалың болмаса да, «Бар жақсыны – балама» деген ұран ұстанған ата-аналар бұл жерде бағаға қарсы-

ҚҰБЫЛЫП ТҰР



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

	Гипермаркет	Базар
Сурет салатын альбом	216–390 тг	200–250 тг
Қою қалам (Фломастер)	570–1140 тг	500–1250 тг
Акварель	380–1320 тг	800 тг
Қайшы	450 тг	350 тг
Түрлі-түсті бояу	930–1770 тг	500–2500 тг
Ермексаз	450–950 тг	580–800 тг
Сызғыш	420–600 тг	60–90 тг
Санақ таяқшалары	618 тг	250–500 тг
Қалам	60–96 тг	80–250 тг
Қарындаш	114 тг	100 тг
Өшіргіш	96–204 тг	150–400 тг
Ұштағыш	180–414 тг	150 тг
Желім	200–650 тг	350–450 тг
Қисық жол дәптер, 12 бетті (1–2-сын.)	30 тг	20 тг
Торкөз дәптер, 12 бетті	30 тг	20 тг
Қаламсауыт	720–1740 тг	250–3000 тг
Сөмке	7000–15 000 тг	5000–15 000 тг
Күнделік	900 тг	700 тг
Дәптер қап	30 тг	25 тг
Кітап қап	50 тг	30 тг
Қорытынды:	15 364 тг	12 060 тг

лық білдіре қоймайтын көрінеді. Себебі, баға базарға қарағанда екі есе қымбат. Базардан кездестіре алмаған отандық өнімдерді осы жерден байқадық. Елімізге етене танымал шетелдік материалдардан жасалған «GLASMAN» атты отандық өнімнің бағалары мынадай: Кішкентай балаларға арналған пиджак 12 000 тг, шалбар 7000 тг, жейде 6000 тг, қапсырма 12 000 тг, галустук 1500 тг, белдік 4000 тг басталады. Үлкен сыныптағылардың пиджактары 14 000 тг, шалбар 9000 тг, жейде 9000 тг тұрады, галустук 2000 тг, белдік 5000 тг құрайды. Ал қыздар қауымының сарафандары 10 000 тг, белдемше 9000 тг, пиджак 14-15 мың тг аралығында. Күздік жемпір 10 мың тг, жакет 7 мың тг басталады. Қыз бала мен ер балалардың аяқкиімдері 20 000 тг басталып сапасына қарай 40 000 тг дейін жетеді. Көпшілігіміз қызығатын Түрік елінің киімдері отандық өнімнен баға жағынан да, сапа жағынан да асып түседі. Қалай десеніз, пиджактың бағасы 20 мың тг басталады, шалбар 16 мың тг құрайды. Ақ жейде 15 мың, сарафан 20 мың, күздік жемпір 13 900 тг құрайды. Ұл балаларға арналған итальяндық киімдердің пиджактары 23 мың тг, шалбары 22 мың тг. Күздік жемпірлер 15 мың тг. Жейделері 17 мың тг басталады. Қыз баламен ұл балаларға аяқкиімдер 30 мың тг басталып 100 мың тг жалғасады.

Сіз бен біз менсіне қоймайтын көршілес Қытай мемлекетінің сапалы мектеп формаларының бағасы да біршама. Саудагерлердің айтуынша, бұл тауарлардың матасы өте жақсы деседі. Мысалға, қыз балаларға арналған сәнді сарафандар 13–19 мың тг аралығында. Пиджактардың баға-

сы 19 700 тг басталса, шалбардың бағасы 15 мың тг. Түрлі ою-өрнектермен, тастармен көмкерілген ақ жейделер 13–15 мың тг құрайды. Күздік жемпір 17 500 тг тұрақталады. Ал ер балаларға пиджак 18 900 тг, шалбар 15300 тг, ақ жейде 10 500 тг басталады. Белдік 3000 тг, күздік жемпір 20 280 тг құрайды. Ер бала мен қыз балалардың аяқ киімдерінің бағасы шамалас – 15–30 мың тг аралығын қамти-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Назира БЕРЕКЕЛДІ,
ата-ана

ҚАЛТАҒА САЛМАҚ ТҮСПЕСЕ ЕКЕН

Базарда іздеген тауарыңыздың арзаны да, қымбаты да бар. Бәрі енді сапасына келіп тіреледі ғой. Үйде 4 баламыз бар. Оның 3-еуі мектепке барады. Мектеп формасының бағалары қымбаттағаны қалтаға қиындық туғырып жатқаны жасырын емес. Үйде жолдасым ғана жұмыс жасайды. Мен балаларымызға қарап үйде отырамын. Ақшамызды үнемдеп, әрқайсысына 2-3 заттан ғана алып жатырмыз. Мәселен, бүгінге 1 ғана баламды киіндірдім. Оның ескіре қоймаған формаларын қалғандары киеді дегендей. Бірақ бағасына қарап сапасыз киімдерді алғандықтан, келесі жылы тоз-тозы шығып кетеді. Қазір жақсы болды ғой, кішігірім кредитке баламызды киіндіреміз. Кейін ол қаражатты ақырындап төлейміз, бізге кім 200–300 мың тг береді дейсіз. Ама! жоқ, үйде жалғыз асыраушымыз болғандықтан, қалтаға салмақ түспесе екен деймін.

Ербол МЫРЗАХМЕТ,
саудагер

«САУДА БҰРЫНҒЫДАЙ ЕМЕС»

Мектеп формасы қымбаттады, бағаны көтеруге ұялмайсыздар ма деп жатады ата-аналар. Бұл біздің қолымызда тұрған жоқ қой, тауарды біздер Қырғызстан, Қытайдан әкелеміз. Киімдерді көбіне доллармен аламыз, сондай-ақ, қазіргі таңда матаның жетіспеушілігі киімнің қымбаттауына әкеліп соқтырады. Осы ретте көпбалалы ата-аналарға бір лайфхак айтайын. Сапалы әрі сәнді киімдерді алғыңыз келсе, көтерме базада алыңыздар. Сонда жарты базаға арзанға түседі. Саудагерлікте жүргеніме 13 жылдың көлемі болыпты, елдегі инфляцияның әсерінен болар, саудамыз бұрынғыдай емес. Халықтың басым көпшілігінде жалақылары әлі өспеді. Бұл барлық сауда орталығына кері әсерін тигізіп жатыр.

Аман СЕЙІТОВ,
ҚР Оқу-ағарту министрлігі мектепке дейінгі және орта білім комитетінің басқарма басшысы

ТАЛАПТАР МЕН НОРМАЛАР ӨЗГЕРМЕЙДІ

Биыл мектеп формасына қойылатын талаптар және оған қатысты заңнамалық нормалар өзгертілмейді. Яғни оқушылар бұрын сатып алған немесе биыл дайындаған мектеп формаларымен мектепке бара алады. Ең бастысы, классикалық стильде болуы тиіс. Ұлдардың мектеп формасы пиджак, қапсырма, шалбар, күнделікті және мерекелік жейделерден тұрса, қыз баланың формасы пиджак, қапсырма, белдемше, шалбар және классикалық жейдеден тұрады. Ата-аналар өндірушіні, мектеп формасын сататын сауда желісін өздері таңдай алады. Бұл ретте жекелеген өндірушілерге артықшылық жасауға жол берілмейді.

ды. Ескере кететін бір жайт, сауда орталықтарының ішінде де базардың бағасына шамалас гипермаркет бар. Алайда, ол жақта киімдерге таңдау бар деп айта алмаймыз. Қыздарға арналған сарафан 5340 тг, ақ жейде 6540 тг, юбка 6540 тг. Ер балаларға арналған шалбар 7140 тг, ақ жейде 6540 тг. Қыз баламен ер баланың аяқкиімдерін 6540–8900 тг аралығында табуға болады. Гипермаркеттен байқағанымыз, бұл жерде кеңсе тауарларын, оқуға қажетті құралдардың бірнеше түрін кездестіруге болады. Осы ретте салыстырмалы түрде, оқуға қажетті құралдардың базар мен гипермаркеттегі бағаларын да назарларыңызға ұсындық.

Р.С: Алматының күндіз 30–40 градусқа ысып, түсте-ақ жауын құйып кететін ауа райындай, базар-сауда орталықтарындағы баға да мың құбылып тұр. Мектепке баратын уақыт жақындаған сайын әр киімнің құны шарықтап бара жатқанына көз жеткіздік. Бір балаға кемі 90–100 мың кетеді. Бір айлыққа сүйенетін көпшілік қауымға мұндай қаражатты жарата салу оңайға түспесі анық. Ал көпбалалы ата-аналарға түсетін ауыртпалық тіпті қиын. Бұл ретте «Мектепке жол» республикалық акциясының көмегі зор.

ТЕГІН КӨМЕКТІҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

«Мектепке жол» акциясы аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың оқушыларына көмек көрсетуге және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алуға бағытталған. Бұл акция 1 тамыз – 30 қыркүйек аралығында осымен он бірінші жыл өткізіліп отыр. Акция өткізілген он жыл ішінде 2 млн 600 мыңнан астам балаға жалпы сомасы 17 млрд 800 миллион теңгеден астам материалдық көмек көрсетілді. Мұқтаж жандарға көмектесуді, сондай-ақ демеушілік көмек көрсетуді қалайтын кез келген азамат еліміздің Бала құқықтары жөніндегі уәкілеттілігінің «111» ұлттық байланыс орталығына немесе Балалардың құқығын қорғау комитетінің 74–25–28 сенім телефонына хабарласуына, қажетті ақпаратты комитеттің www.bala-qk.gov.kz веб-сайтынан алуына болады. Жақсылық жасап жарысайық!



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ

«МЕН МЕКТЕПКЕ
БАРАМЫН!»Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Көршімізді базардан кезіктіріп қалдық. Жетегінде қарадомалақ ұлы.
– Биыл мектепке барамыз, тәте!
Жарасқа костюм-шалбар қарап жүрген сол, – деді келіншек. Әңгімемізді естіп тұрған кішкентай Жарас иығын қомдап қойды. Біздің алдымызда мақтанғаны білем.
– Бәрекелді! Құтты болсын, Жарас!

Бойың да өсіп қапты ғой, жігіт болыпсың кәдімгідей, – деп арқасынан қақтым.
– Мектепке баратынына қуанып жүр. Кеше алып қойған сөмкесін қайта-қайта сипап қояды сыртынан, – деді анасы да қуанышты жүзі алаулап.
Осы орайда биыл 1-сыныпқа баратын балалардың ата-аналарын сөзге тартқан едік.

«Ата-әжеммен
барамын»

Самал АҚБЕРЕН:
– Шынымды айтсам, біз жұмыс-басты болған соң балаға көбіне атасы мен әжесі қарады. Үлкендердің тәрбиесі жақсы ғой жалпы. Балабақшаға бармасақ та, Әсетіміз санауды, жүргізіп оқуды біледі. Ата-әжесі үйретті бәрін. Көбейту кестесін де жатқа біледі. Сондықтан алаңдап жүрген жоқпыз алдағы күндеріне. Әңгімешіл, көпшіл өзі. «Алаңдамай жұмыстарыңды істей беріңдер, баланы өзіміз кезектесіп апарып, алып келіп, өзіміз оқытамыз» деп отыр үлкендер. Біз тек мектеп киімдерін, керек-жарақтарын дайындауға күш салып жатырмыз. Әсет қазірден айтып жүр, «мектепке атаммен, әжеммен барамын» деп. Бірақ біз де еріп барамыз ғой (күледі). Ең алғашқы Білім күні баланың есінде жақсы әсер қалдырса деймін.

Гүл сыйлайды

Хасен СӘРСЕНОВ:
– Біздің баламыз екі жасынан балабақшаға барды. Бұрын түйік болатын-ды. Табиғатынан көпшіл емес жалпы. Қолындағы ойыншығынан да айырылып қалып, жылап қала беретін. Бірақ балабақша оны көп қырынан ашты деп ойлаймын. Көппен ойнауды, көппен бөлісе білуді үйренді. Ең бастысы, баланы көпшіл болуға үйретіп, ойната жүріп, мектеп өміріне дайындады. «Анашым, менің мұғалімме Білім күні гүл сыйлауды ұмытпайық» деп жүр. Оның осындай мейірімді, қайырымды жүрегі үшін қуанамын. Болашақта ұшқыш боламын деп қояды. Арманы әлі талай өзгеретін шығар-ау, бастысы – армандай біледі.

«Ойымен санасамыз»

Дархан АТАБАЙ:
– Біз баланы былтырдан дайындадық мектепке. «Сен енді жігіт болдың. Мектепке барасың. Еркіндік қоя керек. Балалардың бәрімен дос болуың қажет. Ер-жігіттің досы көп болғаны жақсы. Білімді болған одан да жақсы. Біз саған сенеміз, балам!» деп күнде шабыттандырып қоямыз. Балабақшаға берген жоқпыз. Үйде қарайтын бала күтушісі болды. Мына қызықты қараңыз, финдіктер баланы 7 жасқа дейін оқумен



кинамайды екен. Бірақ мектептері әлемдегі ең үздік білім ошақтары қатарынан саналады. «Бұл жетістікке қалай жеттіңдер?» деген сауалға «Бала өз ойын еркін, ашық жеткізе алса, тыңдай алса – сол сауаттылықтың белгісі» деп жауап берген екен. Біз Асқарды көп ештеден тыймай, еркін тәрбиеледік.

Сондықтан болар, ойына келгенін де ашық айта салады. Біз оны баласынбай, үнемі ойымен санасатынымызды білдіріп отырамыз.

«Балапан» көмектесті

Қуаныш ОРТАЙ:
– Баланы өмірге әкелу қиын емес, бірақ жеткізу, тәрбиелеу үлкен жауапкершілік екен. Жас болғасын ба, кезінде ол туралы аса ойланбаппыз да. Өзіміз пәтерден-пәтерге көшіп жүрген жас отбасы болғандықтан, шыны керек, қарынның тоқтығын көбірек ойладық. Қызымыздың жанында көбіне студент қарындасым қалады. Соған сеніп алғанбыз.

Әрине, балаға көңіл бөлеміз. Кешке жұмыстан келгенде, шаршап тұрсақ та, оған бір сәт көңіл бөліп, бүгін не істегенін, кіммен, не ойнағанын сұрап отырамыз. Бізге «Балапан»

Р.С. Биыл мектепке «тарыдай болып кіретін» балдырғандарға «таудай болып шығындар» деген тілегімізді білдіреміз. «Жаңа Қазақстан» жас ұрпақтың қолында!

САУАПТЫ ІС

тұрмысы төмен отбасыларға Атапат партиясы көмектерін көрсетті. Осы ретте қаламызда ұйымдастырылған акцияға мегаполистегі депутаттар мен кәсіпкерлер ерекше белсенділік танытып келе жатқанын атап өтуге болады. «Қайырымды жандарға алғысымды білдіремін. Атапат партиясының арқасында балаларым қалаған киімдерін киіп жатыр. Өзім көпбалалы анамын. Барлығына бірдей киімді қайдан табамын деп уайымдаған едім. Енді көңілім орнына түсті. Қазіргідей қиын кезде бір-біріне қолұшын беретін жандардың барына қуаныштымын. Осылай бізді

елеп, көмектесіп жатқандарыңызға рахмет», – дейді көпбалалы ана Жадыра Рахымқызы.

«Алматы қаласы мәслихатындағы Атапат партиясы фракциясының мүшесі ретінде осы акцияға қатысып отырмыз. Бұл 2008 жылдан бері өтіп келе жатқан республикалық іс-шара. Әр жыл сайын 2000–2500 баланы сөмке, киім, мектеп жабдықтарымен қамтамасыз етіп отырмыз», – деді қалалық мәслихат депутаты Бақытбек Жұмабаев.

Ақтоқын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

ЖЕЛІГЕ
ЖАРИЯЛАМАҒАН ЖӨН

Көптен бері көтеріліп келе жатқан мәселеге енді ҚР Оқу-ағарту министрлігі араласып отыр. Бұдан былай жаңа оқу жылы қарсаңында қайырымдылық жасап, мектеп оқушыларына көмек көрсеткісі келетін азаматтарға көмек көрсеткен сәтін түсіруге рұқсат етілмейді. Бұл туралы арнайы хабар барысында айтылды.

«Қайырымдылық жарияға жар салмай жасатуы керек. Сосын көмек көрсеткен жағдайда балаларды фотоға түсірудің қажеті жоқ. 5 балаға көмек көрсетіп, былай да былай фотоға түсіріп, онымен қоймай, әлеуметтік желіге салатындар бар. Ондай қайырымдылықтың барынан жоғы. Себебі, қайырымдылық жасаудың да жауапкершілігі бар. Ата-ананың рұқсатынсыз баланы суретке түсіруге болмайды. Бұл бір жағынан балаға психологиялық соққы болуы мүмкін», – деді ҚР Оқу-ағарту министрлігі балалардың құқығын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Дулат Жекебаев «Оқу-ағарту LIVE» жобасының эфирінде.

Иә, өте дұрыс. Бала үшін көмекті кімнен, қайдан алып жатқанын білу міндетті емес. Ең бастысы, «Мектепке жол» акциясы аясында еліміз бойынша соңғы 10 жылдың ішінде 4 млн-нан астам балаға көмек көрсетілді.

ҚОЛДАУ

Көмек алған ата-аналар
есеп беруі тиіс

«Жалпыға міндетті білім беру» қоры қаржысы баланы мектепке дайындау үшін бөлінеді. Егер осы қаржыны мақсатсыз жұмсаған ата-аналар болса, жауапқа тартылатын болады.

Баланың ата-анасына немесе баланың заңды өкіліне «Жалпыға міндетті білім беру» қорынан қаржылай көмек алуға өтініш жазған кезде жауапкершілік туралы ескертіліп, қордан алған қаржыны мақсатты жұмсап, дәлел ретінде алған заттың түбіртегін көрсету міндеттеліп отыр. Бұл үшін түбіртекті қордан қаржысын қолына алғаннан кейін 15 күннің ішінде тапсыру керек. Сонымен қатар, ата-ана жалған ақпарат немесе жалған чек ұсынған жағдай қылмыс болып есептеледі. Жалпы, аталмыш қор қаржысы мақсатты түрде жұмсалуды

тиіс. Яғни оқушыға мектепке арналған киім-кешек пен құрал-жабдық сатып алуы қажет.

Бұған дейін «Жалпыға міндетті білім беру» қорынан берілетін сома әр өңірде әртүрлі болды. Биылдан бастап республика бойынша шекті сома нақтыланды. Жаңа қаулыға сәйкес ең төменгі сома 37 389 теңге. Қордан берілетін қолдау аталған сомадан төмен болмауы тиіс. «Жалпыға міндетті білім беру» қорынан берілетін көмек биылдан бастап қаржылай беріледі. Көмек түрі бұған дейін заттай беріліп келген еді.

ОҚУ САҒАТЫ

151 мектеп үш ауысымда
жұмыс істеген

Биылдан бастап оқу жылының ұзақтығын арттыру үш ауысыммен оқитын мектептер санын қысқартатын болды. 2021-2022 оқу жылында 151 мектеп үш ауысымда жұмыс істеген болса, алдағы оқу жылында мұндай мектептер саны 127-ге қысқарғалы отыр.

Бес күндік оқыту ата-аналардың өтініші бойынша қабылданды. Алайда, сенбідегі оқу сағаттары бес күнге ауысып, кестеде 7-8 сабақ пайда болды, оқушыға жүктеме едәуір артты. Бұл екі, әсіресе, үш ауысымда оқитын балалар мен мектептер үшін қиындық болды, себебі күнделікті сабақтар кешкі сағат сегізге дейін созылды.

Оқу-ағарту министрлігінің оқушылар демалысын қысқарту бастамасы үш ауысымда білім беретін мектептер санын азайтуды көздемейді. Дегенмен, ол үш ауысымда оқытатын мектеп оқушыларының мектептен үйге ертерек әрі қауіпсіз жетуіне жағдай жасайды.

Министрліктің оқу ұзақтығын арттыру бастамасы іске асса, соңғы қоңырау әдеттегідей 25 мамырда емес, 31 мамырда соғылады. Сонымен бірге, оқу аптасы 34 аптадан 36 аптаға ұзартылғандықтан, оқу жоспары да, оқу бағдарламасы да өзгереді.

Мысалы, аптасына 34 аптада математика аптасына 4 сағаттан 136 сағат оқытылса, 36 оқу аптасында 144 сағатқа артады. Қазақ тілі мен әдебиеті 170 сағаттың орнына аптасына бес сағаттық жүктеме кезінде 180 сағат оқытылатын болады.

Дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.

АКЦИЯ

Алматыда
«Балаларды мектепке
дайындаймыз»
республикалық
акциясы бастау алды.
Аталмыш акция тамыз-
қыркүйек айларында
өтеді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, қыркүйек айының соңына дейін мектепке қажетті құрал-жабдықтармен 2 мың оқушыны қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Алматы ауданында көпбалалы және



ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

МАҚСАТ – ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ

«Әділдікті талап ет!» республикалық
акциясы басталды



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Акция 15 тамыздан 15 қыркүйекке дейін жалғасады. Жемқорлыққа қарсы күрес агенттігімен бірлесе ұйымдастырылған ауқымды науқанға ҚР кез келген азаматы қатыса алады.



«Әділдік жолы» қоғамдық бірлестігі 2018 жылы белгілі қазақстандық меценаттың қолдауымен ашылған. «Әділдік жолы» қоғамдық бірлестігінің филиалдары 18 өңірде жұмыс істейді.

«Қазіргі таңда халықтың назарында жүрген мәселелердің бірі – жол мәселесі. Сондықтан халықпен, қоғамдық ұйымдармен, мемлекеттік органдармен біріге отырып, осы жобамызды атқаруға кірісіп жатырмыз. Жобаға қатысуға әрбір қазақстандықты шақырамыз. Жоба

барысында біріншіден, жол салу мәселесіне тоқталамыз. Жолды жөндеу сапасы, қолданған материалдар сапасына көңіл бөлеміз. Мемлекет тарапынан жолға бөлінген әрбір тиын қайда, қалай жұмсалғанына назар аударып, жол белгілері дұрыс орнатылғанын және орнатылмағанын бақылаймыз. Жол салуға белсене қатысып жүрген кәсіпкерлік ұйымдардың мүддесі сақталды ма? Осы сияқты сұрақтарға назар аударып, жауап беруге тырысамыз. Біз

енді қоғамдық бірлестік болған соң ешбір ұйымды, мекемені немесе жеке тұлғаны мәжбүрлеуге құқымыз жоқ. Бірақ бізге жеткен мәлімет, жемқорлыққа қатысты мәліметтер бойынша тиісті мемлекеттік органдарға, құқықтық органдарға, министрліктерге сұрақ қойып, жауап алуды талап етеміз. Халыққа жеткізу – мақсатымыз», – деді Бауыржан Мақұлбаев.

Анықталған заңбұзушылықтарды жою мақсатында алынған ақпарат тиісті органдарға жіберіліп, орындалуы талап етіледі.

БРИФИНГ



1,6 МЫҢНАН АСТАМ САЙТ БҰҒАТТАЛДЫ

Елде есірткі заттарын таратуға қатысы бар 1606 сайт, аккаунт және басқа ресурстар анықталып, бұғатталды. Бұл туралы брифингте ҚР ПМ есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің өкілі Данияр Оралов мәлімдеді.

«Есірткі заттарды заңсыз жарнамалау немесе насихаттау бойынша 76 сотқа дейінгі іс, оларды интернет арқылы өткізу бойынша 153 қылмыстық іс тіркелді. Әлеуметтік желілерді мониторингілеу барысында есірткі құралдары мен психотроптық заттардың таралуына қатысы бар 1606 веб-сайт, аккаунттар және басқа да ресурстар анықталып, бұғатталды», – деді ҚР ПМ есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің өкілі Данияр Оралов.

Оның айтуынша, халық пен ҰЕҰ қатысуымен есірткі сату бойынша интернет-ресурстарға сілтемелері бар 4160 граффити-сурет жойылды.

Жалпы, ПМ деректері бойынша, 2022 жылдың 7 айында 1491 есірткі қылмысы, оның ішінде 874 өткізу фактісі және 227 аса

ірі көлемде есірткіні сақтау фактісі анықталды. Жыл басынан бері барлығы 4,5 тонна түрлі есірткі құралдары тәркіленді. Оның ішінде 2,2 тонна марихуана, 400 кг астам гашиш және 87 кг синтетикалық есірткі тәркіленді.

Нұр-Сұлтан қаласының, Атырау және Павлодар облыстарының аумағында каннабис және синтетика есірткілерін сатумен айналысатын 3 ұйымдасқан қылмыстық топтың жолы кесілді. Синтетикалық есірткіге байланысты 890 қылмыс тіркелді. Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Ақмола, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Қостанай, Жамбыл, Павлодар, Маңғыстау және Қарағанды облыстарында 23 есірткі зертханасы жойылды.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

АБАЙ КҮНІ

АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІ БАҒДАРШАМ

Абай күнін Алматы қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/18 мекемесіндегі шаруашылық жасағында жазасын өтеп жүрген сотталғандар да атап өтті.

Олар аяғын жаза басып, бас бостандығынан айырылып, бізден оқшау күндер кешіп жатса да, олар да қоғамның бір мүшесі, сыртқа тебе алмаймыз, қайта адам болуына, қатарға қайта қосылуына мүмкіндік береміз. Сотталғандар арасында да түрлі сала өкілдері бар, шығармашылыққа жақындары да жоқ емес.

– Абай өлеңдерін оқу арқылы мен болашаққа деген сенімді арттырдым, үмітімді үмітке жалғадым. Иә..., өткен өмірімде адастым, қателік жасадым. Қылмысқа ұрынып, қазір жазамды өтеп жүрмін. Біздің мекемеде кітап оқуға мүмкіндік мол. Бес мыңға жуық кітап қоры бар кітапханада Абай Құнанбаевтың шығармалары суранысқа ие. Өйткені, ақынның әр өлеңінде өсиет бар, өмірдің шындығы бар және болашаққа бағдар бар. Мысалы, «Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң арқалан. Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан» деген қарапайым өлеңінің өзі өзімнің осы өмірдегі орнымды таба алмай қателескенімді түсіндіріп тұрғандай. Бірақ әлі де болса кеш емес деп ойлаймын. «Мен де бір кірпіш дүниеге, кетігімді тауып қаланам», өз орнымды табамын, – дейді бізбен тілдескен Қуаныш есімді жігіт. Ол да Абай мерекесіне арналған салтанатты кеште ақынның бірнеше өлеңін жатқа оқып, көрермендер қошеметіне ие болды.

Сонымен қатар, Абай өлеңдерінің орыс тіліндегі аудармасын шабыттана оқыған сотталған Андрей де ұлы ақынның өлең жолдарындағы тағылымды дүниелерден сабақ алғандай болғанын жеткізді.

Тек ақын ғана емес, философ, сазгер, аудармашы әрі саяси қайраткер Абайға арналған салтанатта ақынның «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы» әндерін нақышына келтіре орындаған Өтегенов пен Сералиноваға да көрермендер ризашылықпен қол соқты. Кеш барысында ЛА-155/8 мекемесі тәрбие бөлімінің басшысы, әділет майоры К.М.Тұрлыбеков жиналғандарды қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбаевтың өмірімен және шығармашылығымен таныстырды.

Нұр ЖАМАЛ.

ЕСКЕ АЛУ

Өшпейтұғын артына із қалдырған...

Қазақ КСР Оқу ағарту ісінің үздігі, Қазақстан Энциклопедиясында есімі алтын әріппен жазылған Сайлау Хамитұлы 1975–1988 жылдары Қазақстан Оқу министрлігінің қазақ тілі мен әдебиетін оқыту жөніндегі инспекторы қызметін атқарады. 1988–1991 жылдары қазіргі Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатында басшы болып, өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

Сол жылдардағы ҚР Оқу-ағарту министрі, ғалым-педагог, мемлекет және қоғам қайраткері Қ.Б.Балахметовтің арнайы шақыруымен Мәскеуде үш айлық курста білімін жетілдіріп, қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп ашудың бағдарламасын үйреніп, құжаттарын дайындайды. Республика мұғалімдерінің қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік кеңесінің төрағасы болып, қазақ тілінің өз елімізде өркендеуіне, жеке мектептер ашуға үлесін қосады.

Сайлау Хамитұлы 1988 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы Педагогикалық ғылыми зерттеу институтының эксперименттік базасы ретінде жұмыс жасаған мектеп-интернатқа директор болып тағайындалады да, мектеп «Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты» болып қайта құрылып, мектеп-интернаттың қабылдау ережесі бойынша 5-сыныптан бастап республиканың түкпір-түкпірінен оқушыларды қабылдай бастайды.

Мектепте қызмет еткен жылдары Сайлау Хамитұлы оқушылардың әдеби танымына әсер ететін «Ашық есік» күндерін сейсенбі, бейсенбі күні ұйымдастырып, әдебиет майталмандары: жазушылар, ақындар, ғалымдарды шақырып, оқушылармен сұхбат, кездесулер өткізіп, жаңа буын өкілдерін тәрбиелеуде өшпестей із қалдырды.



Барлық арманы – қазақ балаларын өнерге, мәдениетке, білімге ұмтылдыру болған. Өзі мектеп басқарған жылдары «Алтын медальмен» бітірген оқушыларды жоғары оқу орнына емтихансыз түсіруді енгізеді. Бұрын мектеп-интернаттан тысқа шықпаған оқушылар Сайлау Хамитұлының кезінде өздерін еркін сезінетіндігін шәкірттері жыр етіп айтады. Оқушыларының барлығы дерлік доцент, ғалым, академиктер.

Сайлау Хамитұлы тек білікті басшы ғана емес, мұғалімдерге қазақ әдебиетін оқыту мен оның методикасы, теориясы туралы оқу құралдарын, ғылыми мақалалар жаза отырып, өзінің білімділігі мен іскерлігін ғылым саласында да дәлелдеді. «Әдебиет теориясынан алғашқы адымдар» (1981), «Мектепте драмалық шығармаларды оқыту» (1985), «С.Сейфуллин творчествосы бойынша жазба жұмыстар ұйымдастыру» (1975) және көптеген еңбектері мен әдістемелік құралдары, оқушыларға арналған

орысша-қазақша сөздіктері көпшілікке белгілі. Сайлау Хамитұлы Дүкенбаев қазақ орта мектептерінің 7-сыныбына арналған араб тілі оқулығының қосалқы авторы. Сондай-ақ, қазақ тілінен орыс мектебін бітірген студенттерге арналған методикалық нұсқаулық, «Бастау топтарына арналған грамматикалық жаттығулар» (Алматы энергетикалық институты 1996 ж.), «Қазақ тілі, Студенттер үшін көмекші оқу құралы» (1996 жыл), тағы бірнеше оқу құралдары мен методикалық нұсқаулар жазып, артында мол мұрасын қалдырып кетті.

Болашақ ұрпаққа, халқына сіңірген еңбектеріне орай, Сайлау Хамитұлы Дүкенбаев еңбегі еленіп, «Білім беру ісінің үздігі», «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгілерімен марапатталған. Зейнеткер жасында Медеу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ким Серікбаевпен бірігіп, Ардагерлер ұйымы мүшелерімен әртүрлі спорттық шаралар ұйымдастырып, өзі де шахмат ойнаудан жұлделі 1, 2, 3-орындарды жеңіп алған. Жасы келіп жатса да, жастарға эстетикалық тәрбие беруден жалыққан жоқ. Жаңа буын өкілдері жастарды шахматқа, тоғызқұмалақ ойнауға баулып, ұлттық өнерді паш етті. Жастар мен ардагерлер үшін жасаған еңбектері еленіп, Медеу ауданының Құрмет тақтасына суреті ілінді.

«Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді» демекші, өзі өмірден өтсе де, еңбегі мен қызметі, айналасындағы адамдарға жасаған жақсылықтары мен жанына жақын тарта білетін жылылығы естен кетпейтін, сондай келбетімен өмірде есте қалған тұлға – Сайлау Хамитұлының еңбегі мен есімі ешқашан өшпейді.

Роза СЕКСЕНОВА,
педагог,
«Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері.



ИСЛАМИАДА

Алтыннан алқа таққандар

Түркиядан сүйіншілетіп келген жақсы жаңалықтар легі толастамай тұр.



Осы күндері Түркияның Кония қаласында Ислам ынтымақтастық ойындары өтіп жатыр. Кезекті жарыс күні спортшыларымыз ел қоржынын жаңа жүлделермен толықтырды.

Қазақстан жүзу командасының өкілі Аделаида Пчелинцева чемпион атанды. Ол брасс тәсілімен 50 метрге жүзудің ақтық жарысында жеңіске жетті. Отандасымыз қашықтықты 31,71 секундта бағындырды. Бұл уақыт Исламиаданың жаңа рекорды.

Сондай-ақ, Әділбек Мусин 100 метр қашықтықта баттерфляй тәсілімен жүзуден үздік атанды. Ол финалда 53,20 секунд уақытты көрсетті. Баттерфляймен 50 метрді 27,17 секундта бағындырған София Абубакирова да құрама қоржынына алтын әкелді.

Исламиадада үздік атанғандардың қатарында Елена Шалыгина бар. Ол әйелдер күресінде 65 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бақ сынап, бірінші болды. Шалыгина шешуші сында Элис Маноловадан (Әзербайжан) айласын асырды.

Зілтеміршілеріміз де жарыстың биік тұғырларынан көзге түсуде. Зульфия Ислам ынтымақтастығы ойындарының кезекті алтынын жеңіп алды. Ол 59 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде үздік атанды. Қоссайыс қорытындысы бойынша спортшы 220 (95+125) келі көтерді.

Қазақстандық таэквондошы Бауыржан Хасенов ел қоржынын қоламен толықтырды. Ол 87 келіге дейінгі салмақта қола медаль жеңіп алды. Бұл қазақстандық таэквондошылар үшін Түркиядағы үшінші марапат. Бұған дейін дәл осындай жүлдені Жасұрбек Клычов пен Жансель Дениз алған.

Жалпыкомандалық есепте 47 жүлдесі бар (13 алтын, 13 күміс, 21 қола) Қазақстан құрамасы әзірге бесінші тұр. Халықаралық турнирді өткізіп жатқан Түркия 203 жүлдемен бірінші, ал Иран құрамасы 95 медальмен екінші орынға жайғасқан. Қазақстан алдындағы орындарда Өзбекстан (86) мен Әзербайжан (52) командалары бар.

SPEEDCUBING



Азия елдерінен алдамыз

Қазақстан Speedcubing-тен Азия чемпионатында бірінші орын иеленді.

Елордада Рубик кубигін жылдам жинаудан Rubik's WCA Asian Championship 2022 чемпионаты аяқталды. Төрт күнге жалғасқан жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтті.

«Бұл спорт түрі жастардың ойлау қабілетіне, дұрыс шешімдерді жылдам қабылдай білуіне жақсы әсер етеді. Сондықтан жеткіншектердің жүзден жүйрік шығып, үздік атанып жатқаны қуантады. Спортшыларымыз 6-7 секундта керемет нәтиже көрсетті. Жарыс өтіп

жатқан алаңға келіп, спортшыларымызға қолдау білдірген баршаңызға алғыс айтамын», – деді Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.

Аталмыш жарысқа 13 мемлекеттен 116 қатысып, бақ сынаған. Турнирдің қорытынды кестесінде медальдік есепте бірінші орынды Қазақстан спортшылары, екінші орынды Үндістан өкілдері, үшінші орынды ҚХР қатысушылары алды. Сондай-ақ, төртінші орынды Жапония, бесінші орынды Моңғолия мен Қырғызстан спортшылары, ал алтыншы орынды Өзбекстан мен Пәкістан спортшылары иеленді.

Айта кеткен жөн, спидкубингтен Азия чемпионаты әр 2 жыл сайын өтеді. Қабылдаушы ел өтініш берушілер арасында конкурс өткізу жолымен айқындалады.

ТЕННИС

Жұптық жарыстың жүлдызы

Анна Данилина биыл алтыншы турнирін жеңіп алды. Қазақстандық теннисші Анна Данилина америкалық Софи Чангпен бірге АҚШ-тың Ландисвилінде (Пенсильвания) өткен ITF W100 сериялы жарыстың жұптық разрядында жеңіске жетті.



Данилина мен Чанг жұбы финалға сенімді жетіп, шешуші жарыста Оңтүстік Кореяның өкілдері Хан-На Ли мен Джун-Су Йонг дуэтіне қарсы тұрды. Кездесу үш сет нәтижесінде қазақстандық-америкалық жұптың пайдасына шешілді – 2:6, 7:6 (7:4), 11:9.

АҚШ-та алынған жұптық жарыстың чемпиондық атағы Данилина үшін Халықаралық теннис федерациясының (ITF) турнирлеріндегі 26-шы жеңісі. Сондай-ақ, қазақстандық ару WTA-да сериялы жарыстарда да үш рет үздік болған: біреуі 2021 жылы (Poland WTA 250) және екеуі 2022 жылы (Sydney WTA 500, Warsaw WTA 250).

Қазақстан теннисі үшін жақсы жаңалықтар мұнымен аяқталған жоқ. Tennis Europe және ITF Juniors сериясындағы кезекті ойын аптасы біздің жас теннисшілер үшін сәтті өтті. Тәжікстан астанасы Душанбеде өткен 18 жасқа дейінгі ойыншылар арасындағы ITF Juniors сериялы турнирінде қазақстандық Виталий Зацепин абсолютті чемпион болды. Жекелей жарыстың шешуші кездесуінде отандасымыз Максим Гончаровты (Ресей) 6:2, 6:1 есебімен жеңді. Ал жұптық разрядтың финалында сингапурлық Максимус Вонгпен дуэт құрған отандасымыз ресейліктер Мират Аминев/Кәрім Ғазизовты 6:2, 6:1 есебімен жеңді.

Черногорияда өткен 12 жасқа дейінгі ойыншылар арасындағы екінші санатты жарыста Линара Булешева жұптық разрядтың чемпионы және жекелей жарыстың финалисі атанды.

Ереванда ұйымдастырылған Tennis Europe сериясының 14 жасқа дейінгі ойыншылар арасындағы үшінші санатты турнирде қазақстандық жұп Олжас Есеналы мен Ярослав Пшеничный шешу жарыста ресейліктер Иван Молгин/Михайл Волковичті 6:1, 6:3 есебімен басым түсіп, турнир жеңімпазы атанды.

Теннис әлемінің өзге де жаңалықтарына келсек, Қазақстанда өткен жарыстың жеңімпазы атану үшін Жібек Құламбаева бір қадам жетіспей қалды. Өскемен қаласында ITF W25 сериясының әйелдер турнирі аяқталды. Қазақстандық Жібек Құламбаева жұптық разрядтың финалында Екатерина Козионовнамен (Ресей) бірге ресейліктер Екатерина Маклакова/Александра Поспеловаға жеңіліп қалды – 5:7, 1:6.

ФУТБОЛ

UEFA Конференциялар лигасы аясында қазақстандық клубтар қарымта ойындарын өткізді. «Қызылжар» мен «Тобыл» өз қарсыластарымен тең ойнап, екі матч нәтижесі бойынша еурожаырыстан шығып қалды.

«Қызылжар» Конференциялар лигасы аясындағы іріктеу кезеңінің үшінші айналымында кипрлік «АПОЭЛ» командасымен кездескен. Еурокубоктық жарыстың алғашқы ойыны Никосия қаласында өтті. Алаң иелері тарапынан Георгиос Эфрем гол соғып, кездесу кипрлік команданың пайдасына шешілген.

Қарымта ойын Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан «Астана Арена» стадионында болды. «Қызылжар» ойыншылары өз жанкүйерлері алдында батылдық көрсетіп, алғашқы минуттардан алға ұмытылды. Алайда, еуропалық аренада біраз тәжірибесі бар кипрлік команда қазақстандықтардың қарқынын тез қайтарып, допты біраз уақыт өз иеліктерінде ұстады. Бірінші қауіпті соққы да «АПОЭЛ» тарапынан жасалды. 9 минутта қарсыластарын басып озып, допты қақпаға бағыттаған 19 нөмірлі Мариос Илия есеп аша алмады. Оған «Қызылжар» қақпашысы кедергі жасады. 33 минутта Илияны тағы да Мирослав Лобанцев тоқтатты. Жалпы, кездесудің бірінші жартысы тартысты болғанымен, 0:0 есебімен аяқталды.



Екінші таймда ойын бейнесі айтарлықтай өзгере қойған жоқ. «АПОЭЛ» ойыншылары «Астана Арены» басынғандай, жылдам шабуылдар жасаумен болды. Дегенмен, қызылжарлықтар ойынның 60 минутына қарай ес жиып, өздері де қарымта шабуылдар жасай бастады. Осылайша матчтың 62-минутында қонақтардың қақпасына жақын жерден айып добы қойылды. 8-нөмірлі Юрий Бушман допты оң қапталдан қақпа алдында құмырскаша үймелеген ойыншыларға әуелете асырып, 4-нөмірлі командаласы Марк Гурманға дәл жеткізді. «Қызылжар» қорғаушысының баспен жасаған соққысы қақпаның мандайшасына тиді.

Бұл – петропавлдық команданың осы ойындағы ең қауіпті сәті болды. Қызылжарлықтардың 90 минутта есеп ашатын тағы бір мүмкіндігі болды. Алайда, айып добынан кейін әуелете көтерілген пас бұл жолы соққысыз аяқталды. Нәтижесінде ойын есебі 0:0 болды. Ең алғаш рет еурокубоктарда өнер көрсеткен «Қызылжар» жарыс жолын Конференциялар лигасының үшінші іріктеу айналымында аяқтады.

Қазақстан үшін еуромаусымды 2021 жылғы Қазақстан чемпионы «Тобыл» тәмамдады. Қостанайлық команда да алғашқы матчты қарсыласының алаңында өткізді. Бірінші ойында босниялық «Зриньски» өз алаңында 1:0 есебімен жеңіске жеткен. Кездесудегі жалғыз голды 76 минутта Нико Янкович соқты.

Қарымта ойын Қостанайдың Орталық алаңында өтті. «Тобылға» екі кездесу нәтижесінде жеңіске жету үшін жылдам гол ауадай қажет болды. Сондықтан қостанайлық ойыншылар бірінші минуттардан күш аямай, шабуыл жасауға көшті. Әсіресе, 5 минутта жасалған командалық шабуыл өткір болды. Сол қапталдан қазақстандық команданың ойыншылары жылдам пас алмасып, допты қақпа алдында тұрған Серж Деблеге жеткізген. Алайда, 89-нөмірлі шабуылдаушыға дәлдік жетіспеді. Одан кейінгі қауіпті сәт керісінше, «Тобыл» қақпасына төнді. Босниялықтар алдымен айып добынан кейін, бірнеше минут өткен соң, бұрыштама добынан қауіпті соққылар жасай білді. Кездесудің 18-минутында «Тобыл» ойыншылары тағы да сол қапталдан комбинациялық шабуыл жасады. Бұл жолы Милиан Вукадинович соққысын «Зриньски» қақпашысы қайтарды.

Дегенмен, ойындағы алғашқы голды босниялық ойыншылар соқты. 34 минутта Марио Чуже оң қапталда барлық қорғаушыларды жылдамдықпен басып озып, допты қақпаға дәл бағыттай алды. Бірінші тайм 1:0 есебімен аяқталды.

Кездесудің екінші жартысы «Тобыл» үшін жақсы басталды. 53 минутта жартылай қорғаушы Тошич бірнеше қарсыласын алдап өтіп, Деблеге тамаша пас береді. Қақпашымен жалғыз қалған қостанайлық шабуылдаушы мүмкіндігін мүлтік жібермей гол соқты. Бұдан кейін «Тобыл» келесі кезеңге өту үшін ойын соңына дейін барын салғанымен, есепті өзгерте алған жоқ. «Қызылжар» мен «Тобыл» жеңілісінен кейін қазақстандық клубтар үшін еуромаусым аяқталды.

Бетті дайындаған
Досбол АТАЖАН.



● КОНКУРС

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «Қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Дөңгестас көшесі, 32/1 үй.
2. Алматы қаласы Білім басқармасының «Әжестар үйі» әлеуметтік мекемелердің түлектерін бейімдеу және қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, «Жетісу-2» ы.а., 79-үй.
Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97. Электрондық адрес: service.ok90@mail.ru
Толық ақпаратты: www. almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдар МКҚК) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасы «№ 6 Оқушылар үйі» МКҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Сейфуллин даңғылы, 13/1.
2. Алматы қаласы Білім басқармасы «№3 С.Прокофьева атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Қарасай батыр көш., 140.
3. Алматы қаласы Білім басқармасы «№5 М.Телебаев атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 54 А.
4. Алматы қаласы Білім басқармасы «№7 Құрманғазы атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, «5» ықшамаудан, 59.
5. Алматы қаласы Білім басқармасы «№9 Е.Брусиловский атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Приозерная көш., 1 А.
6. Алматы қаласы Білім басқармасы «№10 балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Клочкова көш., 49.
7. Алматы қаласы Білім басқармасы «№3 Оқушылар үйі» МКҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Вахитов көшесі, 2-2 А.
8. Алматы қаласы Білім басқармасы «Қалалық дене шынықтыру және спорт оқу-тәжірибелік орталығы» МКҚК.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Қалдаяқов к-сі, 62 А.
Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97. Электрондық адрес: service.ok90@mail.ru
Толық ақпаратты: www. almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «№5 мектеп-гимназия» КММ басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, «9» ықшамауданы, 16-үй.
2. Алматы қаласы Білім басқармасының «№116 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, «8» ықшамауданы, 46-үй.
3. Алматы қаласы Білім басқармасының «№45 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Орбита-3» ықшамауданы, 55-үй.
4. Алматы қаласы Білім басқармасының «№193 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, «Кемель» ықшамауданы, 54-үй.
5. Алматы қаласы Білім басқармасының «№31 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Гете көшесі, 261/26 үй.
6. Алматы қаласы Білім басқармасының «Мәжит Бегалин атындағы №120 гимназия» КММ басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Құрманғазы көшесі, 74/143 үй.
7. Алматы қаласы Білім басқармасының «№160 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Қарасу ы/а., Заводская көшесі, 98-үй.
8. Алматы қаласы Білім басқармасының «№169 мектеп-лицей» КММ басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алатау ауд., «Шаңырақ-1» ы-а, Өтемісұлы к-сі, 109-үй.
9. Алматы қаласы білім басқармасының «№148 мектеп-гимназия» КММ басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, «Құлагер» ықшамауданы, 52-үй.
10. Алматы қаласы Білім басқармасының «№17 мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 266 А үй.
11. Алматы қаласы Білім басқармасының «Тұрмыс төмен отбасынан шыққан балаларға арналған №10 жалпы білім беретін мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Қабуқов көшесі, 93 А үй.
Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97. Электрондық адрес: service.ok90@mail.ru
Толық ақпаратты: www. almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «№1 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, «Өжет» шағынауданы, Өуезов к-сі, 2-үй.
2. Алматы қаласы Білім басқармасының «№120 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, «Зерделі» шағынауданы, 35.
3. Алматы қаласы Білім басқармасының «№148 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, «Зерделі» шағынауданы, 121-үй.
4. Алматы қаласы Білім басқармасының «№153 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, «Зерделі» шағынауданы, 31-үй.
5. Алматы қаласы Білім басқармасының «№7 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Клочков к-сі, 26.
6. Алматы қаласы Білім басқармасының «№8 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Брусиловский көшесі, 19-үй.
7. Алматы қаласы Білім басқармасының «№9 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Тілендиев к-сі, 57.
8. Алматы қаласы Білім басқармасының «№30 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Панфилов к-сі, 49/1.
9. Алматы қаласы Білім басқармасының «№14 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Радостовец к-сі, 14.
10. Алматы қаласы Білім басқармасының «№16 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 587.
11. Алматы қаласы Білім басқармасының «№7 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Абайлай хан даңғылы, 102/68 үй.
12. Алматы қаласы Білім басқармасының «№133 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Брусиловский көшесі, 15/1.
13. Алматы қаласы Білім басқармасының «№182 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Клочков көшесі, 30-үй.
14. Алматы қаласы Білім басқармасының «Сойлеу қабілеті нашар балаларға арналған № 24 коррекциялық бөбекжай-балабақша» КММ менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, «2» шағынаудан, 57-үй.
15. Алматы қаласы Білім басқармасының «№44 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Регвой көшесі, 45.
16. Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 54 сойлеу қабілеті бузылған балаларға арналған бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ, Өуезов ауданы, «Таутұл» шағынауданы, 54-үй.
17. Алматы қаласы Білім басқармасының «№58 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, «Таутұл-1» ықшамауданы, 39-үй.
18. Алматы қаласы Білім басқармасының «№60 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, «Жетісу-1» шағынауданы, 13 А үй.
19. Алматы қаласы Білім басқармасының «№136 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, «Достық» шағынауданы, Сәдуақасов көшесі, 27/А үй
20. Алматы қаласы Білім басқармасының «№138 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, «7» шағынауданы, 40-үй.
21. Алматы қаласы Білім басқармасының «№71 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Бұқар жыру көшесі, 62 А.
22. Алматы қаласы Білім басқармасының «№72 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Радостовец көшесі, 141.
23. Алматы қаласы Білім басқармасының «№99 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 294-үй.
24. Алматы қаласы Білім басқармасының «№67 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу ауданы, Желтоқсан көшесі, 14.
25. Алматы қаласы Білім басқармасының «№97 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу ауданы, «Айнабұлақ-1» шағынауданы, 22 Г.
26. Алматы қаласы Білім басқармасының «№98 бөбекжай-балабақша» МКҚК менгерушісі.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (интернат) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «Есту қабілеті нашар балаларға (естімейтін балаларға) арналған №1 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Торайғыров көшесі, 1-үй.
2. Алматы қаласы Білім басқармасының «Мамандандырылған «Жанұя» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Бегалин көшесі, 82-үй.
3. Алматы қаласы Білім басқармасының «Н.Островский атындағы заңгиттер және көздері нашар көретін балаларға арналған №4 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, Ладыгин көшесі, 33-үй.
4. Алматы қаласы Білім басқармасының «Даму интеллектуалдық қабілеті төмен балаларға арналған №6 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Шухов көшесі, 84-үй.
Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97. Электрондық адрес: service.ok90@mail.ru
Толық ақпаратты: www. almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (ПМПК және ППТК) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «Алатау ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, Федченко көшесі, 2 Б үй.
2. Алматы қаласы Білім басқармасының «Алмалы ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Тұрғыт Озал көшесі, 30-үй.
3. Алматы қаласы Білім басқармасының «Өуезов ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, «1» ы.а., 36-үй.
4. Алматы қаласы Білім басқармасының «Бостандық ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Торайғыров көшесі, 1-үй.
5. Алматы қаласы Білім басқармасының «Жетісу ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу ауданы, Ратушный көшесі, 131-үй.
6. Алматы қаласы Білім басқармасының «Медеу ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Телебасев көшесі, 25/18 үй.
7. Алматы қаласы Білім басқармасының «Наурызбай ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Наурызбай ауданы, «Ақжар» ы.а., Байсұлтанов көшесі, 15/7 үй.
8. Алматы қаласы Білім басқармасының «Түркісіб ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Физули көшесі, 71-үй.

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «Алатау ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, Федченко көшесі, 2 Б үй.
2. Алматы қаласы Білім басқармасының «Алмалы ауданының №1 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Жароков көшесі, 18-үй.
3. Алматы қаласы Білім басқармасының «Алмалы ауданының №2 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Досмұхамедов көшесі, 13-үй.
4. Алматы қаласы Білім басқармасының «Өуезов ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, «8» ы.а., 46-үй.
5. Алматы қаласы Білім басқармасының «Бостандық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Шмелева көшесі, 88-үй.
6. Алматы қаласы Білім басқармасының «Жетісу ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу ауданы, Ратушный көшесі, 131-үй.
7. Алматы қаласы Білім басқармасының «Медеу ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Жангелдин көшесі, 27-үй.
8. Алматы қаласы Білім басқармасының «Наурызбай ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Наурызбай ауданы, «Шұғылы» ы.а., 339-үй.
9. Алматы қаласы Білім басқармасының «Түркісіб ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КМҚК басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Физули көшесі, 71-үй.
Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97. Электрондық адрес: service.ok90@mail.ru
Толық ақпаратты: www. almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

● ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне төрт айға жазылу жүріп жатыр

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВРҮ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСҚАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Патриоттық тәрбие – КҮН тәртібінде



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пәрменімен 2022 жыл – «Балалар жылы» деп жарияланып, барыс жылында өскелең ұрпақты қолдауға айрықша көңіл бөлінуде. Сол себептен, мектеп табалдырығын аттағалы отырған әрбір баланы білімді, дарынды, интеллектуалды, ең бастысы, патриот ретінде тәрбиелеу – күн тәртібіндегі басты мәселе.

Осы тақырып аясында Оқу-ағарту министрлігі жаңа оқу жылында Қазақстандағы мектеп оқушыларына арналған жаңа бағыттарды пысықтады.

«Оқу-ағарту министрлігінің аппарат жиналысында 2022-2023 оқу жылының жаңалықтары қаралды. Жаңа оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта 35 оқу аптасын, 2–11-сынып аралығында оқитындар үшін 36 оқу аптасын құрайды. Биыл қазақ тілінде білім алатын бірінші сынып оқушылары «Әліппе» мен «Ана тілін» ғана оқиды. Ал орыс тілін екінші сыныптан, ағылшын тілін үшінші сыныптан бастап меңгереді», – делінген ведомство мәліметінде.

5–11-сыныпта оқитын балалар үшін вариативтік компонентке «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізіледі. Әдістемелік нұсқау хатта вариативтік компоненттегі сағаттарды ұтымды пайдалану, инклюзивті білім беруді жүзеге асыру, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру бойынша нақты ұсыныстар көрсетілген.

Бұдан бұрын хабарланғандай, Қазақстан мектептерінде патриотизм туралы жаңа сабақ өтеді.

Енді қазақ тілінде оқитын мектептерде 1-сынып оқушысы бір ғана тілді, яғни қазақ тілін меңгереді.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Гүлдер неткен әсем, неткен нәзік! Қызылды-жасылды гүлдер ару Алматының сұлулығын үстеп тұрғаны анық. Иә, біздің қала жазда әдемі гүлдерге оранып тұрады. Әсіресе, қазақы оюлар бейнесінде отырғызылған гүлдер көздің жауын ұрлайды.

Алматының бірде-бір саябағы гүлсіз емес, ірі ғимараттардың да, шағын мекемелердің алды да гүлдерге толы. Түрлі өсімдіктері жай-қалған тротуарлармен қыдырып, серуендеген де бір ғанибет! Жанға рахат сыйлайды. Көңіліңіз көтеріліп сала береді. Әдемілік балаға да, үлкенге де көптік етпейді.

Айтпақшы, жасыл желектің ауасында адам денсаулығына қажетті жеңіл иондар болады. Соның арқасында сыртта серуендеп жүрген адамның қан құрамы жақсарып, қан қысымы да бір қалыпқа келеді екен, сондай-ақ жұмысқа деген қабілеті де артатын көрінеді.

Сол гүлдерден ләззат алатын тек біз, адамдар ғана екенбіз. Ал көбелек, ара сынды шыбын-шіркейлерге керегі – олардың түсі, иісі. Өйткені, гүлдер бұл жәндіктердің азығы, біреулерін шырынымен, ал кейбірін тозаңымен қоректендіреді.

Өсімдіктердің ұрық салуы үшін бір гүлдің тозаңын екінші гүлге көшіру қажет. Ал сол тозаңды тасымалдайтын әлгі шыбын-шіркейлер. Яғни шырынның тәтті тамшысын алыстан біліп ұшып келген көбелек гүлге қонады, сол



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.

сәтте оған тозаң да жабыса кетеді. Сосын көбелек келесі бір гүлге қонғанда, оның аяқтарымен ілесе келген тозаң да екінші гүлге жабысып үлгіреді.

Тозаңды тек көбелектер ғана емес, басқа шыбын-шіркейлер де тасымалдайды. Тек әрқайсысы әр гүлді ұнатады екен. Мәселен, бал арасы мен жай ара да інжугүлге қонбайтын көрінеді. Ал маса біткен інжугүлді жақсы көреді деседі. Кейбір гүлдер кеш түсе ғана ашылып, өзінің хош иісті шырынын түнде беріп түгеседі. Әдетте мұндай гүлдердің түсі ақ болады. Оларға түнгі көбелектер әуес келеді.

Міне, гүлдердің адамға да, жәндіктерге

де пайдасы мол. Гүлдер әдетте мегаполистің кісі аяғы көп жүретін жерлерінде, орталық, ірі көшелердің бойында өсіріледі. Бірақ көпқабатты үйлеріміздің ауласына өсіре бермейміз. Себебі, айналаны көріктендіру тек әкімдіктің жұмысы деп ойлаймыз көбіміз. Ал егер бәріміз ауламызға гүл егіп, оны ерекше баптап өсірсек, өзіміз тұратын ауданның ажары да арта түспей ме? Мәселен, Еуропа елдерінде тұрғындар ауладағы өсіп тұрған гүлдерді өздері күтімге алған. Біз де табиғаттың бір бөлшегіміз. Аула да, ауа да бәрімізге ортақ болғандықтан, оны көркейтуді әр адам парызы деп санаса артық болмас еді.

ЖЕР-ЖАҒАН



Саққұлақтар чемпионаты

Ерекше жарысты тамашалауға жүздеген адам Калифорнияның Пасифика жағалауына жиналды. Жарысқа бас-аяғы 48 жануар қатысты. Әр итке трюктерді орындауға және серфинг тақтасындағы шеберліктерін көрсетуге бірнеше минут берілді.

Демалыс күндері ұйымдастырылған спорттық сайысқа қатысушылар төртаяқты достарымен бірге жұптасып, су бетінде сырғанады. Кей жарыста иттер жеке-дара өнер көрсетсе, өзгесінде иесімен бірге сайысқа түскен. Саққұлақтар салмағы мен өлшеміне қарай санатқа бөлініп жарысты. Кішкентай күшкітердің салмағы 9 келіге дейін болса, орта салмақтағылары 18 келіге дейін, ал ірілерінің салмағы одан да жоғары болды. Байқаудағы ең жарқын көріністердің бірі Ханзо есімді иттің өнер көрсетуі болды. Төрт жасар иттің тақтайда тұрып қана қоймай, биік толқындар арасында ептілікпен маневр жасай алуы судьяларға өшпес әсер қалдырды. Әділқазылар алқасы толқындардың күшін есепке ала отырып, иттердің серфингпен сырғанау қашықтығын, техникасын және су бетінде өз-өзін ұстауын бағалады.

Электронды ақша

Қытайда цифрлық юаньмен алғашқы несие берілді. Операцияны Қытайдың муниципалды банкі жүргізген. wfin.kz порталының хабарлауынша, Сучжоу қаласындағы муниципалды банк жеке компанияға 500 мың юань несие берген.

Алдағы уақытта цифрлық валютаны сынақтан өткізуге Қытайдың басқа қалалары да қосылуы мүмкін. Электронды ақшаны жүктеу механизмін тоқталсақ. Қаржы цифрлық



Африканың оңтүстігіндегі Лесотодағы тау шаңғы курорты әлем назарын өзіне аударды.

Бұл қалай десеніз, Лесото Корольдігінің аумағы теңіз деңгейінен 1400 метр биіктікте орналасқан әлемдегі жалғыз ел. Сондықтан мұнда қар бар. Жалпы, Африканың оңтүстігі үшін суық қыс сирек кездеседі. Себебі, қар барлық жерге жаумайды. Сондай-ақ, қыстың қызығына бату үшін тау шаңғысы курорттарын табу қиынға соғады. Өткен айда мұнда жыл сайынғы сноуборд пен шаңғы жарысы ұйымдастырылған. Курортта алты жол бар және маусымнан тамызға дейін жұмыс жасайтын көрінеді. Жаз айларында ол экстремалды спорт түрлерінің бірнешеуін ұсынады, соның ішінде таулы аймақта велосипедпен жүру және мотоциклмен жүру жолдары бар. Адам көп болған күні курорт 300-ден астам келушілерді қабылдай алады.

Әлеуетіне үңіле қалсаңыз, туристер Африкадағы қарда түскен суреттерін белсенді түрде жариялай бастаған. Нәтижесінде алыс-жақын шетел тұрғындарының назарын өздеріне аудару арқылы танымалдылыққа ие бола бастаған.

Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



Африкадағы тау-шаңғы курорты

ВАЛЮТА БА-
ҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 490,15 теңге

\$ USD/KZT 476,01 теңге

₽ RUB/KZT 7,81 теңге

¥ CNY/KZT 70,64 теңге